



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 4 ҚАҢТАР, 2024 ЖЫЛ №1 (23 323)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

## Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек!

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, уақытыңыздың тығыздығына қарамастан «Egemen Qazaqstan» газетіне сұхбат беруге келіскеніңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз. Сіздің қоғамды толандыратын мәселелер туралы пікіріңіз қазақ баспасөзі үшін өте маңызды. Сондықтан түрлі тақырыпта өзіңізбен ашық әңгіме өрбіткіміз келеді.

**Өткен жыл несімен есіңізде қалды?**  
– Осы мүмкіндікті пайдаланып, барша отандасымды тағы да Жаңа жыл мейрамымен құттықтаймын!

2023 жыл еліміз үшін маңызды оқиғаларға толы жыл болды. Біз негізгі саяси реформаларды аяқтап қалдық. Конституциялық Сот жұмысын бастадық. Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары жаңа ереже бойынша сайланды. Алғаш рет аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайладық. Ауыл және аудандық маңызы бар қала әкімдерін сайлау жалғасты. Былтыр 700-ге жуық ауыл әкімі сайланды.

Біз әділ және бәсекелі экономика жүйесін құруға кірістік. Экономиканы әртарап- тандыру және монополиядан арылту, инфрақұрылымды жаңғырту, бизнесті қолдау, инвестиция тарту жұмыстарымен мықтап айналыстық. Әлеуметтік салада қордаланып қалған мәселелер біртіндеп шешіле бастады. Еліміздің түкпір-түкпірінде білім ошақтары, оның ішінде, «жайлы мектептер» бой көтеруде. Ауылдарда денсаулық сақтау нысандары салынып жатыр. Әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарға кешенді түрде қолдау көрсету үшін Әлеуметтік кодексті қабылданды. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтар үшін арнайы төлемақы енгізілді. Табиғатты қорғауға жауапты мекемелердің қызметкерлеріне олардың өмірі мен денсаулығына төнетін қауіп-қатерге қатысты үстемекші төленетін болды. Медицина қызметкерлерінің, мектепте, колледжде және балабақшада жұмыс істейтін педагогтердің жалақысы өсті. Ұлттық қордан балаларға қаржы беру мәселесін реттейтін заң күшіне енді. Негізгі экономикалық көрсеткіштерді, оның ішінде инфляция деңгейін ескере отырып ең төменгі жалақыны анықтайтын әдістеме қабылданды.

Осы жұмыстың бәрі 2024 жылы да жалғасады. Біз тиянақты және жоспарлы әрекет жасаймыз, мақсатқа жету үшін үздіксіз алға ұмтыламыз. Бұл – айрықша маңызды жыл болмақ. Өйткені осы кезең еліміздің алдағы бес жылдағы дамуына негіз болады.

**– Ал жаңа жылдан не күтесіз? Еліміздің алдында қандай міндеттер тұр?**  
– Мен өткен қыркүйектегі Жолдауымда жаңа экономикалық үлгіге көшетімізді айттым. 2029 жылға қарай жалпы ішкі өнімді қазіргіден екі есеге арттыру мәселесін басты стратегиялық мақсат ретінде белгіледім. Көп ұзамай Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Онда еліміздің бытырғын әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы шығарылып, алдағы жұмыстың



амал-тәсілдері айқындалады.

Ұлттық құрылтайдың отырыстары идеология саласындағы мәселелерді, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру ісін, қоғамның құндылықтар жүйесін жаңғырту жайын талқылайтын тиімді пікірталас орнына айналды. Бұған дейін жаздығүні шақырылып келе жатқан Құрылтайдың отырысын биыл сәл ертерек, көктемде өткізетін шығармыз.

Осылайша, биыл экономикалық, қоғамдық-саяси және гуманитарлық салаларда атқарылатын жұмыстың негізгі бағыт-бағдары бірінші тоқсанда-ақ айқындалады.

Біз ұлт мүддесін ескере отырып, сындарлы әрі салиқалы сыртқы саясатты жалғастырамыз. 2024 жылы елімізде бірқатар ауқымды саммит, форумдар өтеді. Қазақстан бірнеше беделді халықаралық ұйымға, атап айтсақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Түркі мемлекеттері ұйымына, Аралды құтқару халықаралық қорына, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымына төрағалық етеді.

Дүниежүзілік көшпенділер ойынын өткізу де еліміз үшін айтулы оқиға болмақ. Байрақты бәсеке ұлттық спорт пен саламатты өмір салтын дәрiптeу жағынан да, Ұлы даладағы көшпенділер өркенінің мұрагері саналатын бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланысын арттыру тұрғысынан да маңызды екені сөзсіз.

Ел тарихында ерекше орны бар тұлғаларға құрмет көрсету дәстүрі еліміздің жалпыұлттық бірегейлігін нығайта түсуге зор септігін тигізеді. Биыл әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың туғанна – 125, даңқты бағырлар Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың туғанна 100 жыл толады. Сонымен қатар тарихшылардың пайымдауына, Жошы ұлысының іргесі қалғанғана – 800 жыл. Мемлекеттілігіміздің тамыры тереңде жатқанын әйгілейтін осы ай-

тулы датаға орай кең ауқымды зерттеулер қолға алынады. Биыл Қазақстан тарихының көптомдығын әзірлеу жұмыстарын да аяқтаймыз. Бұл – өзімізден 200-ден астам, шетелден 60-қа жуық маман жұмылдырылып, тыңғылықты жасалып жатқан үлкен шаруа.

Осындай маңызды оқиғалардан бөлек, күнделікті атқарылуға тиіс жұмыстар да аз емес. Бұл жылдың ел тарихында қандай орын алатыны барша азаматымыздың ерік-жігеріне де байланысты. Мен жаңа жылдық құттықтауымда биыл біріміз тұтас ұлттың өсіп-өркендеуіне куә болатынымызды айттым. Бірақ осы мақсатқа жету үшін біз бір ел болып, білек сыбана жұмыс істеуіміз керек.

**– Қасiреттi Қантар оқиғасынан берi тура екі жыл өттi. Қантар Қазақстан тарихындағы жаңа дәуiрге жол ашқан бетбұрыстың белесi болды. Сiз бұған дейiнiң сөздерiңiзде, сұхбаттарыңызда сол қайғылы оқиғаға нақты баға бердiңiз. Дегенмен, әлi де бiрқатар сұрақ бар. Қантар оқиғасына әртүрлi түсiнiктеме беретiндер де кездеседi. Алмағайым күндерден берi бiршама уақыт өттi. Қазiр Сiз сол оқиғаны қалай сипаттар едiңiз? Оның басты себебi неде және оған не түрткi болды деп ойлайсыз?**

– Мен бұл туралы көп ойландым, әлі де жиі ойланамын. Меніңше, қасiреттi Қантар оқиғасына жылдар бойы қордаланған әлеуметтік-экономикалық проблемалар, жалпы тоқыраудың билік пен қоғамды аздырып-тоздыруы себеп болды. Бұл – айтпаса да түсінікті жайт.

Мен 2019 жылы Президент болып сайланғаннан кейін мемлекетіміз саяси жүйені демократияландыруға, қоғамдық өмірге еркіндік сипат беруге, экономиканы монополиядан арылтуға бет бұрды. Реформаларды әзірлеуге және оны жүзеге асыруға қоғам өкілдері, белсенді азаматтар, сарапшылар қатысты. Түрлі диалог алаңдарында, соның ішінде, менің ұсынысыммен арнайы

құрылған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырыстарында көптеген бастама көтеріліп, жан-жақты пысықталды.

Ашығын айтсам, осы жаңа бағдарымыз кейбір ықпалды адамдарға мүлде ұнаған жоқ. Олар бұл өзгерісті елімізде әбден тамыр жайған жүйеге және билік құрылымындағы өздерінің «ерекше мәртебесіне» төнген қатер деп қабылдады. Мұндай адамдар елдегі өзгеріске астыртын, кейде тіпті ашық қарсылық білдіре бастады. Ақыр соңында реформаның бетін қайтарып, өздеріне ыңғайлы бұрынғы қалыпқа оралу үшін бәрін тас-талқан етуге шешім қабылдады.

Жоғары лауазымды тұлғалардан тұратын бұл топтың күштік құрылымдарға да, қылмыс әлеміне де орасан зор ықпалы болды. Сондықтан билікті күшпен басып алуға бел буды. Тергеу мәліметтеріне жүгінсек, олар 2021 жылдың ортасына таман дайындыққа кіріскен. Сосын Үкімет сұйытылған газдың бағасын күрт өсіру туралы жан-жақты ойластырылған, құқықтық негізі жоқ шешім қабылдады. Маңғыстау облысында арандатушылардың айтағына ілескен жұрт шеруге шықты.

Сол кезде Үкімет менің тапсырмаммен арнаулы комиссия құрды. Оның мүшелері қоғам өкілдерімен кездесіп, ортақ мәлімге келу үшін бірден аймаққа барды. Бірақ наразылық шерулері экстремистік сипат алды. Оны қаскөйлер дереу өз мүддесіне пайдаланды.

Бас прокуратураның тергеуінен Қантар оқиғасының бірнеше толқынмен өрбігенін көруге болады.

Шерулер алдымен Маңғыстау облысында басталды. Көп ұзамай басқа да өңірлерге жайылды. Орталық билік және әкімдіктер жағдайды реттеуге тырысқанымен, ел ішіндегі ахуал шиеленісіп кетті. Ортақ мәлімге келу үшін жүргізілген келіссөздер мен диалогке толқуды ұйымдастырушылар еш мойын бұрмады.

Көптеген аймақта алғашқы қақтығыстар басталды. Мұның бәрі арнайы дайындалған жансыздар арқылы жағдайды одан әрі ушықтыруға тырысқан қаскөйлер үшін «ізденгенге сұраған» болып шықты. Осындай аса күрделі жағдайдың өзіне құқық қорғау органдары күш қолданбай, сабыр сақтады. Бұл – екінші толқын.

Жетекшілері ымыраласқан топтың айтқанын екі етпейтін және лаңкестермен, оның ішінде сырттан келген лаңкестермен байланысы бар қылмыстық топтар өршеленіске кіріскенде үшінші толқын басталды. Олар арнаулы технологияны, арандатушылар мен қаракшыларды пайдаланып, бейбіт шерулерді жаппай тәртіпсіздікке ұластырды. Ұрып-соғу, қирату, өртеу, өзгенің мүлкің қасақана жою белең алды. Дүрбелен кезінде қарулы радикалдар мен лаңкестер бір мезетте, бір ғана бұйрықпен мемлекеттік органдардың және күштік құрылымдардың ғимараттарына, қару-жарак дүкендеріне, құқық қорғау мекемелері мен әскери бөлімдердің қоймаларына шабуыл жасады. Мұндай оқиға Алматыда ғана емес, бірқатар облыс орталығында да болды. Қантар оқиғасы кезінде үш мыңнан астам қару қолды болғанын айта кеткен жөн. Оның ішінде автомат, пулемет, тіпті гранатомет және басқа да атыс құралдары бар. Оған қоса, көлік инфрақұрылымы және телекоммуникация нысандары шабуылға ұшырады. Қаракшылар мен лаңкестер өзара ұйымдасып, бір-бірімен тығыз байланыста әрекет жасағанын тағы да қайталап айтқым келеді.

Қаскөйлердің мемлекеттік төңкеріс жасамақ болған жоспарын жүзеге асыру үшін экстремистер, қылмыстық топтар және әсіре діншілдер бірге қимылдады. Олардың мақсаты ел ішіне үрей туғызу, мемлекеттік институттардың қызметін тұрлатыу, конституциялық құрылымның іргесін шайқау, ақыр соңында билікті басып алу еді.

Сол кездегі ахуал өте күрделі болды, еліміз құрдымға кетуге шақ қалды. Бұған жол бермеу үшін бағуға е-зекетті күндіз-түні және сағат сайын тікелей өзін бақылап отырдым. Ішкі істер министрлігі арқылы Ақорда резиденциясына түрлі шабуыл жасалғаны жатыр, соған жүк көліктері пайдаланылады деген ақпарат жетті. Маған бас сауғалап, резиденциядан кету, тіпті шетел асу туралы ұсыныс бірнеше рет айтылды. Бірақ мен бұған үзілді-кесілді қарсы болдым. Телелдидар арқылы жасаған мәлімдемелерімнің бірінде қандай жағдай болса да жұмыс орныма қалатынымды ашық айттым. Екі апта бойы тапжылмай, Ақордада болдым, күн-түн демей, шұғыл жиналыстар өткіздім. Сол аласапыран күндерде мемлекетімізді сақтап қалу, елдегі заң мен тәртіп үстемдігін қалпына келтіру ең басты міндет еді.

**– Қазақстанға Ресейдің әскери қызметшілерін шақыру қаншалықты дұрыс шешім болды? Біздің мемлекетті сол кезде Ресей құтқарып қалды деген пікір көрiңi елде жиi айтылады.**

– Аймақтарда жаппай тәртіпсіздік белең алып, жергілікті билік дәрменсіздік танытқанда, Қауіпсіздік кеңесі Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына жүгіну туралы шешім қабылдады. Қазақстан оның бітімгерлік күштерін тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ғана қысқа мерзімге енгізуді сұрады. Бұл жерде мына жайтқа баса мән беру керек. Біз бұл құрылымның мүшесі ретінде Ресейге емес, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына жүгіндік.

➤ 2-3-4-бет

### • ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

## Өткен жол сараланды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі ғалым, «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры Дихан Қамзабекұлына берген кең көлемді сұхбат беріп, 2024 жылға тың межелерді белгіледі.

Егер Өділетті Қазақстанды қалыптастыру сияқты аса ірі бастама тұрғысынан келсек, әлемдік деңгейдегі прогресшіл, демократиялық, саяси, экономикалық бәсеке, рухани жетілу, стратегиялық бағыттағы аса ірі межелердің жүзеге асуына бет алғанымызды байқап, қуандық. Жасыратыны жоқ, әлемдегі қазіргі таңда орын алған алуан түрлі келеңсіздіктер, тұтас бір үйлесім жүйесінің бұзылуы тұтасып келгенде әр көшбасшыдан тапқырлық пен ірі саясаткерлікті талап етеді. Осы орайда халықты әлеуметтік жағынан қорғау, бизнеске жәрдем беру, демократиялық, адам құқығын қорғау – басты міндет. Заңның үстемдікке ие болуы, жастарға сенім арту мен қолдау, экономиканың жаңа моделін енгізу – бәрі де саяси, рухани, экономикалық саладағы өркендеуімізге алғышарт. Адал еңбек етіп, тұрақтылық пен бірлікті көздің қарашығындай сақтауға үндейді.

**Гүлнара РЫСМАҒАМБЕТОВА,**  
«Bolashaq» академиясының ректоры, профессор

## Парасатты пікір, сүбелі сұхбат

Қасым-Жомарт Кемелұлы «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында ел өміріндегі ең маңызды оқиғалар қатарына тоқталды. Сонымен қатар, келер жылы ел президенті ұлт мүддесін ескере отырып, сындарлы әрі салиқалы саясатты жалғастыратынын мәлімдеді.

Экономикада Президент инвестициялар мен салалардың әртүрлілігін ынталандыру үшін қажетті шаралар қабылдады. Инфрақұрылымдық жобалар мен жаңғырту стратегиялары елдің тұрақты дамуына ықпал етеді.

Күрделі кезеңде өз қызметіне кіріскен Президент Тоқаев Қазақстан алдында тұрған басты сын-қатерлерді шешуде табандылық танытты. Оның экономиканы, әлеуметтік са-

ланы дамытуға және халықаралық қатынастарды нығайтуға баса назар аударуы маңызды бағыт екені сөзсіз.

Әлеуметтік саясат саласында денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау жүйесін жақсартуға бағытталған азаматтарға деген қамқорлық сезіледі. Бұл орайда, ресурстық секторға тәуелділікті азайту және инновациялық бағыттарды дамыту бойынша кешенді шараларды жалғастыру әлі де өте маңызды. Әсіресе, жұмыссыздық деңгейі және сапалы білім беру сияқты жекелеген салалар әрдайым қосымша назар аударуды қажет ететіндей.

Президент Тоқаев жаһандық өзгерістер жағдайында маңызды халықаралық қатынастарды нығайту бойынша белсенді

жұмыс істеуде. Бітімгершілік, аймақтағы тұрақтылықты сақтау және негізгі геосаяси ойыншылармен ынтымақтастық жөніндегі дипломатиялық күш-жігері мойындауға лайық. Жалпы, президенттің кез келген мәлімдемесін қалт жібермей ұғыну, оның халық болашағы жолындағы қалтқысыз қызметін бағалау екендігін естен шығармаған абзал. Әрқандай қоғамдық пікір мен әртүрлі көзқарас ескерусіз қалмай дер шағында тиісті амал жасалса, құба-құп. Ел жылнамасынан сыр тарқатар Мемлекет басшысының бұл сұхбаты біздің алдымызға жаңа жылда жаңа мақсат-міндеттер үстейді.

**Зара ШАЛАБАЕВА,**  
Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты





## • ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

## Көңілге сенім ұялатты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбаты жаңа жылдың алғашқы күнінде елді елең еткізіп, қоғам қызығушылығын тудырды. Мемлекет басшысы өткен жылға қорытынды жасап, биылғы мақсатымен бөлісті.

Еліміздің ішкі және сыртқы саясаты, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, 2022 жылғы Қаңтар оқиғасы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, АЭС құрылысы және қоғамды толғандыратын басқа да өзекті тақырыптар жайында ой-толғауы еліміздің саяси өмірінің оңды өзгерістерін саралауға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы сөзінде ұлттық мүдделерді ескере отырып, сыртқы саясат белсенді түрде жүргізілетінін тілге тиек етті.

2024 жылы елімізде бірқатар ауқымды саммиттер, форумдар өтеді. Қазақстан бірнеше беделді Шанхай Ұйымақтасқан Ұйымы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Түркі мемлекеттері секілді ұйымдарға төрағалық етеді.

Сондай-ақ, еліміз үшін дүниежүзілік Көшпенділер ойынын өткізу маңызды оқиға болмақ. Бұл сөзсіз Қазақстанның халықаралық аренадағы саясаты мен беделін көрсетеді.

Мемлекет басшысының сұхбаты еліміздің болашаққа мақсаты айқын, жоспары нақты екеніне көз жеткізіп, көңілге сенім ұялатты.

Ерден ХАЛИЛЛИН,  
Қарағанды облыстық  
мәслихатының депутаты

## Маңызды қадамдар күтіп тұр

Ел Президенті «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында өткенге баға беріп, алдағы межелерді белгіледі. Халықты толғандырған біраз түйткілді қозғапты. Мәселен, Қаңтар оқиғасы, атом электр станциясын салу, отбасындағы әйелдер мен балаларға жасалатын зорлық-зомбылық. Сонымен қатар, Үкімет жұмысына өз пікірін білдірген. Негізгі мақсат – іргелі ел болу, демократиялық қоғам мен ықпалды мемлекеттік жүйе құру. Жалпы ұлт зиялыларының еңбегіне, өткенімізге баға беріп, болашағымыз үшін ауадай қажет ұлттық құндылықтарға баса назар аударған. Сапалы ұлтқа айналу үшін неғдей харекеттер жасалуы тиіс екенін айтқан.

Осы орайда ұлттық құндылықтарымыз – еңбекқорлық, білімпаздық, көсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық қасиеттері бар отаншыл және адал азаматтарды қалыптастыру екенін айтады.

«Мен қазақ елінің жастарына сенемін. Сондықтан олардың атқарушы және заң шығарушы билік тармақтарында қызмет етуіне жол ашатын кешенді шаралар қабылданды. Президенттік жастар кадр резерві жасақталды. Іріктеудің бірнеше сатысынан өткен кәсіби жас мамандар мемлекеттік қызметте басшылық лауазымдарға тағайындала бастады», деді. Рас, бұл дегеніміз Қазақстан дамуы үшін жасалып жатқан саяси қадамдар. Рухи биік жастарға қолдау зор қажет.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының еліміздегі ең күрделі болып тұрған тұрмыстық зорлық-зомбылық жөніндегі жауабы да көп нәрсені айқындап тұр. Рас, бүгінгі таңда бұл мәселе – өте өзекті. Бірнеше шаралар қолға алынып жатыр. Күрес қарқынды.

«Зорлық-зомбылық жасағандарға әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік едәуір күшейтілді. Жәбірленуші қайта-қайта қысымға ұшырамауы үшін бұдан былай мұндай іске қатысты тараптарға екінші рет татулау мүмкіндігі берілмейтін болды. Сондай-ақ, Мәжілістің бір топ депутаты халыққа Жолдауымының аясында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің жаңа әрі тиімді шараларын қарастыратын заң жобасын әзірлеп жатыр», деп жауап қайырған осы мәселеге қатысты сұрақта. Заң күшіне еңсе жауапкершілік артады. Отбасы тыныш болса, Отанның берекесі – сол. Ел аман болсын!

Сұхбатта осы секілді елді алаңдатаын мәселелер қамтылған. Ел ертеңіне, ұлт болашағына бейжай қарамайтын азаматтарымыз сұхбатты оқуы қажет деп санаймын.

Қысқасы, Президент сөзінше, мемлекетімізді маңызды қадамдар күтіп тұр.

Меруеш БАШАЙ,  
Қарағанды облыстық  
мәслихатының депутаты

## Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек!



(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Сол кезде осы ұйымның төрағасы Армения еді. Биыл ҰҚШҰ-ға Қазақстан төрағалық етеді. Құрылым жасағы, шын мәнінде, бітімгерлік рөл атқарып, қасіретті күндерде елді жайлаған жүгенсіздікті тоқтатуға септігін тигізді. Ұйымға мүше-мемлекеттермен келісілгендей, бұл бітімгерлік күштер алдын ала ешқандай талап қоймастан, оның үстіне мерзімінен бұрын Қазақстаннан сыртқа шығарылды.

ҰҚШҰ бітімгерлік күштері лаңкестікке қарсы операцияларға қатысқан жоқ, бірде-бір оқ атқан жоқ. Армения жасағы «Ақсай» нан зауытын және «Алматы су» мекемесін, Беларусь жасағы Жетігендегі аэродромды, Тәжікстан мен Қырғыз Республикасының әскери қызметшілері Алматы қаласының бірінші және екінші жылу электр орталықтарын, Ресей жасағы үшінші жылу электр орталығы мен телекоммуникация нысандарын қызметті. Осы маңызды нысандарға лаңкестік шабуылдар жасалуы мүмкін деген қауіп болды. Сондықтан бітімгерлік күштер соларды күзетуге жіберілді. Ең бастысы, сол арқылы өз күштерімізді лаңкестікке қарсы операцияға жұмылдыруға мүмкіндік туды.

– Демек, бұл жүзеге аспай қалған мемлекеттік төңкеріс қой. Ендеше Қаңтар оқиғасын халық көтерілісі, тіпті революция деп атап жүргендерге не айтар еліміз?

– Бастапқыдағы бейбіт шерулер жаппай тәртіпсіздікке, өртеу мен қиратуға ұласқан қайғылы оқиғаларға бүкіл әлем куә болды. Кім бейбіт шеруге автомат, тапанша және суық қару ұстап барады?! Ниеті дұрыс адам әскери қызметшілерді ұрып-соғып, өлтіре ме, оларды тірі қалқан етіп, әкімшілік ғимаратқа шабуыл жасай ма?! Бейбіт шеруде дүкендер мен банктер қиратылып, тоналып, көліктер өртегі ме?! Билік органдарының ғимараттары мен полиция бөлімдеріне жасалған шабуылды айтпай-ақ қояйын. Осындай жаппай тәртіпсіздіктің салдарынан үш миллиард долларға жуық шығын келді.

Қаңтар оқиғасының себеп-салдарын бұрмалан көрсетудің қажеті жоқ. Турасына көшсем, бұл халық көтерілісі болды деген пікірлер қылмыстық әрекеттерді ақтау үшін айтылады. Барып тұрған бұзақыларды батырға балап, жұртты арандататын әрі жауапкершіліктен жұрдай сыңаржақ пайымдар қылмыстық психологияның қоғам санасына сіңуіне әкеп соқтырады. Мұндай әңгімелер – ұлттық қауіпсіздікке және халықтың жаймашуақ өміріне қатер төндіретін жаппай тәртіпсіздікке шақырумен пара-пар. Бұл – өте қатерлі үрдіс. Сондықтан осындай жүгенсіздікті сығана алу мәселесіне келгенде мемлекет пен қоғамның ұстанымы ортақ болуы керек. Мен бұған сенімдімін.

– Онда азаматтар биліктің іс-әрекеті ұнамайтынын қалай білдіре алады?

– Елімізде биліктің іс-әрекетіне жария түрде келіспеушілік білдіруге толық мүмкіндік бар. Азаматтар өзін толғандыратын мәселе туралы ашық айта алады. Мен мемлекеттік органдардан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес, қоғамның пікірімен санасуды талап етіп келемін. Елімізде бейбіт жиналыстарды реттейтін демократиялық сипаттағы заң бар. Жақында петицияларды тапсыру және қарау тәртібін реттейтін заң қабылданды.

Сондықтан бір нәрсені анық білуге тиіспіз. Бейбіт шеруге тыйым салындайды, ал жаппай тәртіпсіздіктің кез келген түріне қатаң тосқауыл қойылады. Елімізде заң мен тәртіп қана үстемдік құруға тиіс. Бұл – мен үшін мызғымас қағида. Демократияның бесігі саналатын батыс елдері-

не қараңыздар, ешкім де көшеде жаппай тәртіпсіздік жасаған, мемлекеттік органдарға шабуылдаған адамның маңдайынан сипап, өбектеп отырмайды.

Полиция жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырушыларды, яғни биліктің заңды талаптарына қарсы шығуға үндеген, қару-жарак әкеліп таратқан, жағдайды ушықтырып, адамдарды күш қолдануға, маңайдағының бәрін қиратуға, өртеп-талқандауға азғырған адамдарды анықтап, әшкереледі. Ал тәртіпсіздікке кездейсоқ қатысқан, білместікпен арандап қалған адамдардың бұзақыларға қатысы жоқ. Оларға менің бастамамен рақымшылық жасалды. Бұған дейін сотталған 1205 адамның 1095-і осы рақымшылыққа ілікті. Ал жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырғандар мен лаңкестік әрекеті, мемлекетке сатқындығы, билікті күшпен басып алуға тырысқаны және басқа да ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталғандар жазасын толығымен өтейтін болады.

– Келесі сұрақ сізге ұнамауы мүмкін. Бірақ бұл сауалды қоймасқа тағы болмайды. Сіз 2019 жылы Президент лауазымына сайланғаннан кейін елімізде қосарланған билік жүйесі қалыптасты-мыс деген сөз тарайды. Кейбіреулер біздің саяси жүйемізді Иранның, Сингапурдың жүйесімен салыстырады. Шынымен де, сол кезде елімізде екі билік орталығы орнағандай көрінді. Расымен солай болды ма?

– Төтенесінен қойған сұрағыңызға тура жауап берейін. Конституцияға сәйкес, Президент еліміздің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, мемлекетіміздің жоғары лауазымды тұлғаларын, Қарулы Күштеріміздің жоғары басшылығын тағайындайды және оларды қызметінен босатады. Сондай-ақ Мемлекет басшысы еліміздің Жоғарғы Бас Қолбасшысы саналады.

Алайда бәзбіреулер қосарланған билік жүйесін орнатуға талпынғаны, тіпті, мұндай әрекеттерді әдейі әрі мұқият ұйымдастырғаны рас. «Билік транзиті» кезіндегі ахуалды саясаттағы айлакерлер өз мүддесіне пайдаланып, қосамжарланған билік орталығын құруға тырысты. Елімізде Президенттен әрі Жоғарғы Бас қолбасшы лауазымы бір бөлек, бұрынғы Президент иеленген Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы лауазымы бір бөлек болды. Осы екі лауазымның иелері бір мезетте қатар қызмет атқарды. Түптің түбінде бұл жағдайдың билікке қатаң текетірес туғызбай қоймасы анық еді.

Мұны аз десеніз, дәл осы жағдай Қаңтар дағдарысына әкеп соқтырған алғышарттың бірі болды. Өйткені, ымыраласқан қаскөйлер өздері ойлап тапқан қосарланған билік, яғни «тандем» идеясын доріктеп, оны өз мүддесіне пайдаланғысы келді. Кейбір лауазымды тұлғалардың, оның ішінде бұрынғы Әділет министрінің мәртебе жағынан Елбасы Президенттен жоғары тұратынын айтқаны естеріңізде шығар. Кейбір шенеуніктер біресе ана, біресе мына кабинетті жағалап жүрді. Олар ойнақтап жүріп, ақыры от басты. Мен кейінірек Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа оның жақын серіктерінің саяси қитұрқылығы еліміздің тас-талқанын шығара жаздағанын ашық айттым.

Қалай десек те, мемлекетте үлкен және кіші президент деген болмауы керек деп санаймын. «Кеттің бе – қайырлыма!» Болашақта ел тізгінін ұстайтын азаматтар осы жағдайдан сабақ алып, мұндай нәрседен қашық болуға және тек қана мемлекеттің мүддесі мен қоғамның береке-бірлігін ойлауға тиіс.

Өкінішке қарай, ішкі саяси дағдарысқа байланысты туындаған сын сағатта негізгі құқық қорғау органдары басшыла-

рының бетпердесі сыпырылып, олардың кәсіби біліксіздігі, қала берді сатқындығы әшкереле болды.

Ата заңға сәйкес жұмыс істейтін орнықты әрі тиімді мемлекеттік институттар жүйесін құру ауадай қажет екенін Қаңтар оқиғасынан айқын көрінді. Біз бір ел болып, бұл дағдарысты еңсердік, қиындыққа қасқая қарсы тұрып, одан тіпті шыңдалып шықтық. Азаматтарымыздың бекем бірлігінің және барлық деңгейдегі билік өкілдерінің батыл іс-әрекетінің арқасында алапат апаттың бетін қайтарып, елдегі ахуалды тұрақтандыра алдық. Кейін кейбір қаскөйлер тергеу кезінде халық жауапты сәтте жұдырықтай жұмыла біледі, билік қандай қатерге де қаймықпай төтеп бере алады деп еш күтпегенін мойындады.

– Қаңтар оқиғасынан кейін Сіз түбегейлі саяси реформаларды жүзеге асыруға кірістіңіз. Оны Батыс та мойындап отыр. Енді кешегі күнге оралмайтынмызды аңғартатын «асудан» астық деуге бола ма? Қайтадан кері кетпейтімізге қандай кепілдік бар?

– Мен саяси реформалардың 2019 жылы басталғанын айтып өттім. Сол кезде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды. Кеңесте маңызды заңнамалық бастамалар әзірленіп, жүзеге асырылды. Сайлау, саяси партиялар, Парламент туралы заңдарға елеулі өзгерістер енгізілді. Елімізде олигополияның диктатурасы туралы алғаш рет ашық айтыла бастады.

Бұл өзгерістер саяси және экономикалық монополия үстемдік құрып тұрған кезде жалғанды жалпағынан басып жүргендерге қауіп төндірді. Сондықтан олар уақыт тегершігін кері айналдырып, бұрынғы күніне оралу үшін жанталасып бақты. Бұдан еш нәтиже шыққан жоқ.

Қаңтар оқиғасынан кейін бәзбіреулер «енді билік қылбурауды қатайтып, режимді сақтап қалу үшін барын салады» деп қауіптенді. Бірақ біз керісінше жасалдық. Күрделі болса да, дұрыс жолды таңдадық.

Саяси жаңғыру үдерісі 2022 жылы тың қарқынмен жалғасты. Реформаның басты міндетінің бірі барынша әділ әрі теңгерімді саяси жүйе құру болды. Оған қоса, ат басын артқа бұру, яғни саяси өзгерістерді кері қайтару мүмкін болмайтынды, сонымен бірге реформалар қоғамдық өмірдегі қалыпты құбылысқа айналатындай ахуал қалыптастыру маңызды еді. Сол үшін конституциялық реформа аясында кертартпалыққа бірқатар тосқауыл қойылды.

Біріншіден, біз Ата заңның үстемдігін қамтамасыз ететін, конституциялық бақылауды жүзеге асыратын жоғары орган – Конституциялық Сотты қайта қалпына келтірдік. Біреулерге Конституциялық Кеңестің аты ғана өзгергендей көрінуі мүмкін. Шын мәнінде, оның заты түбегейлі өзгерді.

Конституциялық Сот шешімдерінің күшін ешкім жоя алмайды. Оның шешімдеріне, соның ішінде азаматтардың конституциялық құқықтарына қатысты байламдарына күмән келтіруге, Президенттің де еш қақпа жоқ.

Ата заңға енгізілуі мүмкін кез келген өзгеріс пен толықтыру Конституциялық Соттың оң қорытындысы болса ғана республикалық референдумға немесе Парламенттің қарауына шығарылады.

Конституциялық Сотта он бір қазы бар екені белгілі. Соның алтауын, яғни көпшілігін, Парламент палаталары тағайындайды. Ал төрағасын Президент тағайындағанымен, міндетті түрде Сенаттың келісімі қажет.

Екіншіден, негізгі ұстанымдар Конституцияда нақты айқындалып, біржола

бекітілген. Мысалы, Ата заңның 91-бабына сәйкес, Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері және осы жерде айрықша атап өтейін, Президент жеті жыл мерзімге бір рет қана сайланады деген ереже еш өзгермейді.

Үшіншіден, реформалардың нәтижесінде Мәжіліс жаңа сайлау жүйесімен, яғни партиялардың тізімі және бірмандатты округтер арқылы жасакталатын болды. Мәжілістің өкілеттігі де айтарлықтай кеңейді.

Бір сөзбен айтсақ, ескі жүйе келмесе кетті. Қазақстандағы саяси реформалар жүйелі ғана емес, ешқашан кері қайтпайтын түбегейлі сипатқа ие болды деп сеніммен айта аламыз. Мұның еліміз үшін айрықша маңызы бар. Себебі ұлттың саяси сана-сезімі түбегейлі өзгерді. Жұрттың құқықтық сауаттылығы мен белсенділігі демократиялық жаңғырудың басты кепіліне айналды. Токетерін айтсақ, кері кетуге халықтың өзі жол бермейді және елге жаңа леп өзлеті осы өзгерістерді табандылықпен қорғайды. Мен бұған бек сенімдімін.

– Дегенмен, билікті сынап жүргендер, оның ішінде Батыстың өкілдері де, Қазақстанда әлі күнге дейін саяси тұтқындар бар деп жатады. Бұған не дейсіз?

– Саяси қудалау бар деп айту үшін цензура, арнаулы заңдар мен жазалаушы органдар болуы керек. Қазіргі Қазақстанда мұның ешқайсысы жоқ. Біздің заңнамалық азаматтарды саяси көзқарасы үшін қудалауға негіз болатын бірде-бір жарлық, бірде-бір заң, бірде-бір нормативтік құжат жоқ.

Керісінше, реформалардың нәтижесінде адам құқықтарын қорғау жүйесі нығая түсті. Заңдарға қазылардың тәуелсіздігін күшейтетін түзетулер енгізілді. Алқа билердің қарауына жататын істердің аясы кеңейді. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты толық жұмыс істеп тұр. Оған конституциялық мәртебе берілді. Мен бытыр желтоқсан айында адам құқықтарына қатысты екінші Жарлыққа қол қойдым. Мұның бәрі осы салада дәйекті әрі түбегейлі өзгеріс жасалып жатқанын көрсетеді.

Мемлекеттің басты міндетінің бірі – заңның мүлтіксіз орындалуын, тәртіптің қатаң сақталуын толық қамтамасыз ету. Сондықтан заң бұзған кез келген адам жауапқа тартылады. Ал заң мен тәртіпті сақтау мәселесіне азаматтардың идеологиялық ұстанымы мен саяси көзқарасының еш қатысы жоқ. Заң бәріне ортақ.

Кейбіреулер прокуратура органдарының ескертуіне қарамастан, адам түсініп болмайтын кесірілік көрсетіп, заң бұзды. Ондай адамдар өзін заңнан жоғары қойып, «Атың шықпаса, жер өрте» деген ұстаныммен елге танымал болғысы келетін сияқты.

Көптеген тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істеп тұрған, саяси цензура атымен жоқ елде саяси қудалау бар деу қаншалықты орынды?

Ол аз десеніз, жаңа заң қабылданып, бейбіт жиналыс өткізу үшін рұқсат алудың орнына хабарлау тәртібі енгізілген соң, Қазақстандағы бейбіт жиындардың саны еселеп артты.

Мен түйткілдердің түйінін айқай-шүмен алдында емес, диалог үшін арнайы құрылған орындарда, ең алдымен, Парламентте өркеніетті жолмен, салиқалы түрде тарқату керек деп үнемі айтамын.

Қазір Парламентте түрлі қозғарастағы қоғам өкілдерінің мүддесін білдіретін сан алуан саяси күштер бар. Парламенттік оппозиция институты заң жүзінде бекітілді.

Соңғы сайлауда Мәжіліске алты партия өтті. Оның үшеуі алғаш рет депутаттық мандатқа ие болды. Тіпті қазір Парламентте отырған партияның бірі – әуел бастан оппозициялық ұстанымдағы ұйым.

Көптеген шетелдік сарапшылар мен әріптестер, соның ішінде Батыс елдерінің мамандары, Қазақстандағы демократиялық реформалардың озық үлгіде екенін айтып, оған қолдау білдіріп отыр. Шынымен де, біз геосаяси төңірегімізде ауқымды демократиялық өзгеріс жасап, адам құқықтарын қорғау ісінде зор табысқа жеткен бірден-бір еліміз.

– Әлеуметтік желіде Президент Конституцияға қатысты референдум өткізіп, 2026 жылы тағы да сайлауға түседі жоспарлап отыр деген қауесет тарап жатыр. Бұл рас па?

– Бұл – жалған ақпарат. Бұдан былай әркім ойына келгенін істеп, Ата заңға оңды-солды өзгеріс енгізе алмайды. Ал осындай маңызды мәселеге келгенде, тіпті мүмкін емес. Мен бұған нық сенімдімін. Конституциялық реформа Ата заңға қалай болса солай өзгеріс енгізе беру үшін жасалған жоқ.

Президент лауазымына бір-ақ рет сайлану туралы ереже енді ешқашан өзгермейді. Бұл талап мемлекетіміздің тәуелсіздігі, біртұтастығы, аумақтық тұ-



# Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек!

тастығы және басқару нысаны туралы нормалар сияқты мызғымастай етіп бітілген.

Ақыры осы тақырып қозғалған екен, бұған қатысты кейбір жайтқа кеңірек тоқталып, мән-жайын аша кетейін. Мен жетіжылдық бір ғана мерзім туралы идеяны осыдан 15 жыл бұрын жабық пікірталастарда айтып жүрдім. Сол кезде ұсыныс аса қолдау таба қоймады. Өзім Президент болып сайланғаннан кейін, осы бастаманың артықшылығы мен кемшілігін әбден салмақтап, оны қалай жүзеге асыруға болатыны жөнінде көп ойландым.

Суперпрезидентке тән өкілеттіктерді жою үшін 2022 жылы Конституцияға бірқатар маңызды өзгеріс енгізілді. Мен сол кезде жетіжылдық бір мерзім идеясын қайта ұсындым. Бастамама бүкіл халық қолдау білдірді. Осымен бұл әңгіме толам.

– Экономика тақырыбына ойыссак. Сіз былтырғы Жолдауыңызда Әділетті Қазақстанның жаңа экономикалық бағдарын жарияладыңыз. Онда 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін екі есе арттырып, 450 миллиард долларға жеткізу көзделген. Алайда Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банктің болжамдарына сенсек, 2023-2024 жылдары ел экономикасының өсімі 3-4 пайыздан аспайды. Мұндай қарқынмен мақсатқа жете аламыз ба?

– Әрине, бұл – жетуге болатын меже. Халықаралық валюта қорының сарапшылары 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның Ішкі жалпы өнімі қазіргі бағамен есептегенде 259 миллиард доллардан асады, яғни 2022 жылмен салыстырғанда 15 пайызға артады деп бағалап отыр. Бұл – Орталық Азиядағы ең жоғары ақшалай өсім. Жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім де өсіп келеді. Бұған қатысты болжамды көрсеткіш былтыр 13 мың долларға жуықтады.

Оның жыл сайынғы өсімі 1,6 мың доллар болады деп бағалануда. Халықаралық валюта қорының болжамына сәйкес, 2028 жылға қарай бұл көрсеткіш отыз пайыздан да көбірек артып, 16,8 мың долларға жетеді.

Шын мәнінде, мен үшін макроэкономикалық көрсеткіштер соншалықты маңызды емес, азаматтардың тұрмыс сапасының іс жүзінде жақсаруы одан әлдеқайда маңыздырақ.

Халқымыз «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді. Үкімет экономиканы басқарудың тың тәсілдерін қолдана алса, жаңа айтылған жақсы болжамдар ақиқатқа айналады. Осы орайда негізгі екі бағытқа тоқталайын.

Біріншінен, еліміздің өркендеуіне жол ашатын бірқатар нақты міндетті шешу қажет. Сондай міндеттің бірі – ауқымды өнеркәсіп жобаларын жүзеге асыру. Қыр-қуықтегі Жолдауда Үкіметке мұндай жобаларды анықтау және Инфрақұрылымды дамыту жоспарын әзірлеу туралы тапсырма берілді. Бұл жобалар ірі бизнес өкілдерімен, институционалды инвесторлармен және сарапшылармен бірге пысықталып, нақты жұмыс жасалып жатыр.

Тағы бір маңызды міндет – инвестиция тарту. Бұл міндетті орындауға жеке-шелеңдіру және активтерді қайтару науқандары да септігін тигізеді. Қомақты инвестиция болса, экономика қарқынды үдейе түседі және жаңа мүмкіндіктер пайда болады. Осы орайда мен жақында Инвестиция штабын құру туралы Жарлыққа қол қойдым. Бұл штабқа еліміздегі инвестициялық ахуалды жақсарту және инвестициялық жобаларды сапалы жүзеге асыру үшін ауқымды өкілеттік берілген.

Екінші бағыттағы жұмыс экономиканың барлық саласына қатысты («ойын тәртібін») белгілейтін жүйелі реформаларды жүзеге асыру шараларын қамтиды.

Менің тапсырмаммен Үкімет мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасын қайта қарауға мүмкіндік беретін жаңа Салық кодексін әзірлеп жатыр. Салық жүйесін жетілдіргенде тек төлем жинау тәсілімен шектеліп қалмау өте маңызды. Бір жағынан, инвесторларға қолайлы жағдай жасау керек. Екінші жағынан, бюджет кірісінің азайып кетпеуіне мән берген жөн. Яғни таразы басын тең ұстау қажет.

Жаңа Бюджет кодексі де – өте маңызды құжаттың бірі. Біз «қазына қаражатына» деген көзқарасымызды өзгертіп, оны тиімді, жөнімен әрі үнемдеп жұмсауға тиіспіз.

Бұл ретте мемлекеттің сатып алу ісін және мемлекет пен жеке сектордың серіктестігін реттейтін жаңа заңдар елеулі рөл атқарады. Осы құжаттар мемлекеттің сатып алу ісін ашық болуын да қамтамасыз етеді. Сондай-ақ экономиканы дамытуға қажетті қаражат қорын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Квазимемлекеттік сектордың тиімділігін арттыруға көп көңіл бөлу қажет. Қазір бұл секторды жаңғырту шаралары айқындалып, іске асырылып жатыр.

Сіздің сұрағыңызға жауап бере отырып, мына мәселеге назар аударғым ке-

леді. Әлемдегі экономикалық ахуал біздің елге де салқынның тигізетіні сөзсіз. Алайда кез келген қиындық жаңа мүмкіндікке жол ашады. Үкіметтің жел қайдан соқса да желкенді өзіне оңтайлы бұра алатындай, жан-жақты ойластырған жоспары болуға тиіс. Экономиканың өсімін ынталандыру шаралары мен құрылымдық реформалар қатар жүруі керек. Нақтырақ айтсақ, кәсіпкерлік пен бәсекені дамыту, жекеменшікті қорғау, әділ сот төрелігі болуы өте маңызды. Сонда ғана көздеген мақсаттарымыздың бәрін кол жеткізіп, белгіленген мерзімде ұлттық экономика көлемін екі есе ұлғайта аламыз.

– Несиесін өтей алмай жүрген адамдар біздің газетімізге жиі жаза жазып, қоңырау шалады. Жалпы, халықтың

реформа жасалып, Парламент сайлауы өткен соң алдыңғы Парламенттің де, Үкіметтің де мандаты күшін жойды. Конституцияға сәйкес бұрынғы Үкімет жаңадан сайланған Мәжіліс депутаттарының алдында өз өкілеттігін тоқтатты. Сайлауда ең көп дауыс алған «Аманат» партиясы Премьер-Министрдің кандидатурасын ұсынды. Әрине, партия мұны Президентпен ақылдаса отырып жүзеге асырғанын жасырмаймын. «Аманат» партиясының сайлау алдындағы тұғырнамасының экономикаға қатысты бөлігі қазіргі Үкіметтің бағдарламасы негізінде жасалды.

Бүгінде Үкіметтің өкілеттігі айтарлықтай кеңейді. Қырқуық айында құрылымы өзгерген Президент Әкімшілігі еліміздің әлеуметтік-экономикалық да-

қуат көздерін ашу, желілерді біртіндеп жаңарту және коммуналдық саланы түгел жаңғырту басты міндет екенін ұмытпаған жөн.

Қазір жылу желілері әрең жұмыс істеп тұр. Үкімет пен әкімдіктер батыл қимылдап, қажетті шараларды дереу қолға алу керек. Осыны болмайды.

– Мұның бәрі еліміздегі энергетикалық қауіпсіздік нысандарының жай-күйі көңіл көншітпейтінін білдіреді. Сіз Жолдауыңызда АЭС салу-салмау арқылы шешіледі деп мәлімдедіңіз. АЭС «жасыл» энергия саналғанымен, қоғамда бұған қатысты әртүрлі пікір айтылып жүр. Мұндай нысан салу туралы жоспардың геосаяси астары да



қарызға батуы күрделі мәселе болып тұр. Осы мәселені шешу үшін не істеліп жатыр?

– Мен азаматтарымыздың қарызға белшеден батқанына қатты алаңдаймын. Себебі бұл мәселе жұрттың әлеуметтік жағдайына және еліміздегі қаржы жүйесінің тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Мен 2019 жылы Мемлекет басшысы ретінде қол қойған алғашқы құжаттың бірі қиын жағдайға тап болған азаматтардың борышын азайту туралы Жарлық еді. Сол уақытта 500 мың адамның кепілсіз алған несие кешірілді. Бұл бірреттік шара болатын. Ал 2023 жылы жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң күшіне енді. Мұның бәрі мәселенің ұшығып кетпеуіне ықпал етті. Осы жағдайды түбегейлі өзгерту үшін былтырғы Жолдауыма Үкіметке тың шараларды қолға алуды тапсырдым.

Негізінен, бұл жағдайға жұрттың қаржылық сауаттылығының төмендігі себеп болып отыр. Екінші жағынан, тұтыну несие беру тәртібін және коллектор ұйымдарының қызметін қатаң реттеу керек.

Сол үшін нақты шаралар қолға алынып жатыр. Мысалы, соңғы жылдары банктер мен микрокредит ұйымдарына қойылатын тұтыну несие капиталының көлеміне қатысты талаптар бес есе күшейтілді. Төлеу мерзімі өтіп кеткен бәсекелес бар адамдарға несие беруге тыйым салынды. Сондай-ақ қарызын уақтылы өтей алмаған борышкерге 90 күннен әрі айыппұл салуға болмайды. Коллектор агенттіктеріне тұрақты тексеру жүргізіледі.

Борышкерлер құқығын қорғау үшін несие беру туралы заңнамаға енгізілетін түзетулер әзірленді. Бұл өзгерістер банктерге, микрокредит ұйымдарына және коллектор агенттіктеріне талапты одан да күшейте түседі. Несиелерді коллектор компанияларына сатуды шектеу ұсынылады. Коллектор компаниялары қарызды өзіне алған соң мәселені реттеп көруге міндетті болады. Банк оңбұдменің өкілеттігі де кеңейтіледі. Қазір бұл құжатты Мәжіліс депутаттары қарап жатыр. Мен бұл бастаманы қолдауға дайынмын.

– Қазір көптеген отандасымыз қымбатшылық белең алғанына, тарифтердің өсіп жатқанына, жұмыссыздық мәселесінің шиеленіскеніне және аймақтардағы жалпы ахуалға алаңдап отыр. Күнделікті күйбеңнен және аяқ астынан туындайтын түйткілдерден бас көтере алмай жатқан қазіргі Үкіметтің стратегиялық міндеттерді іске асыруға қауқары бар ма? Сіз Үкімет жұмысының тиімділігіне қандай баға бересіз?

– Кез келген елдің Үкіметі стратегиялық міндеттері мен күнделікті жұмысын қоса атқарады. Бізде де солай. Ең бастысы, тиімді жоспарлау және ресурстарды орындау пайдалану керек.

Үкіметтің қазіргі құрамы былтыр көктемде ғана жасакталды. Конституциялық

муына қатысты стратегиялық бағыттарға баспа назар аударатын болды. Енді Әкімшілік бұрынғыдай Үкіметті, кейбір министрліктер мен ведомстволарды жетелеп жүрмейді. Президент Әкімшілігі атқарушы биліктің қызметіне араласпай, басты саяси штаб ретінде ғана жұмыс істейді. Осыған дейін екі органның да құзырында болған бірқатар өкілеттік Үкіметке берілді. Түрлі салаға қатысты шешім қабылдау құқығы Үкіметке және басқа да жауапты органдарға өтті. Аймақтардың бюджетке қатысты дербестігі арта түсті.

Бір сөзбен айтсақ, қазір Үкіметтің өнімді жұмыс істеуі үшін мүмкіндіктері жеткілікті. Атқарушы билікке жан-жақты ойластырылған іс-қимыл стратегиясы және өз міндетін тиімді жүзеге асыруға деген ынта-жігер ғана қажет. Дербестікке және қосымша өкілеттікке ие болуға ұмытылған Үкімет қалағанын алды. Бірақ «алмақтың да салмағы бар», оларға қойылатын талап та күшейді. Үкімет мұны түсінуге тиіс.

– Еліміздің отын-энергетика кешені мен коммуналдық шаруашылығының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету – Үкіметтің міндеті. Қазіргі Үкімет бұл міндетін зүбірмен, әрең атқарып отыр деуге болады. Апаттардың салдарымен күресіп, қыстың көзі қырауда еліміздің түкпір-түкпіріндегі елді мекендерді жылумен, жарықпен, сумен шұғыл қамтамасыз етуге тура келеді. Қалайша осындай жағдай қалыптасып отыр?

– Жылу электр орталықтарындағы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы мүшкіл ахуал – көп жылғы салғырттықтың салдары. Осы саладағы түйткілдер бір күнде аяқ астынан пайда бола қалған жоқ. Оның бәрі жылдар бойы қордаланған мәселелер екені баршаға мәлім. Өңірлердегі жылу орталықтары мен басқа да құрал-жабдықтардың 80 пайызы әбден тозған. Өткен жылдарда коммуналдық шаруашылыққа салынған инвестиция бұл саланың қажетін өтеуге жеткіліксіз болды.

Электр энергетикасы нысандарында болып жататын кішігірім оқиғаларды дардай қылып көрсетіп, жылумен қамтамасыз ету ісіндегі болмашы олқылықты «қасіретке айналдыруға» ұмтылатын әлеуметтік желідегі белсенділер отқа май құйып, елді дүрбеленге салып жүр.

Бүкіл Қазақстандағы инженерлік инфрақұрылымды толық жаңғырту – өте ауқымды әрі күрделі міндет. Бұл мәселе біртіндеп шешіліп жатыр. Көктем-жаз айларында Үкімет пен әкімдіктер жылу маусымына дайын болу үшін біраз жұмыс жасады. Жағдайы сын көтермейтін бірқатар нысанды жөнделді.

Ең алдымен, күрделі апаттардың алдын алып, үйлерге жылуудың үздіксіз берілуін қамтамасыз ету керек. Бірақ жаңа

жөк емес. Сіздің ұстанымыңыз қандай?

– Қазақстан үшін таза атом энергиясының мән зор. Бұл – ел экономикасының болашағына тікелей әсер ететін айрықша маңызды мәселе. Біз табиғи уран өндіру көлемі жағынан әлемде бірінші орын аламыз. Ядролық отын компоненттерін де өзіміз өндіреміз. Сол себепті мен еліміздің аумағында АЭС салу жайына айрықша мән беремін. Түптеп келгенде, энергетика қауіпсіздігі мәселесін геосаяси мүдде емес, нақты қажеттілік пен мүмкіндіктер тұрғысынан қарастырып, ғылыми зерттеулер негізінде шешкен жөн.

Ел ішінде АЭС құрылысына үзілді-кесілді қарсылық білдіріп жатқандар да бар. Бұл – түсінікті жайт. Көпшілік Семей ядролық полигонының қасіретін ұмыта қойған жоқ. Мұқият назар аударуды қажет ететін басқа да күрделі жайттар бар. Мысалы, жобаның құны мен экологияға әсерін қаперден шығаруға болмайды.

Сондықтан бұл бастаманың мән-маңызын ескере отырып, АЭС құрылысына қатысты мәселені жалпыхалықтық референдумға шығаруды ұсындым. Халқымыз үшін аса маңызды осындай шешімдердің референдум арқылы ғана қабылданатыны 2019 жылғы сайлау алдындағы бағдарламада нақты көрсетілді. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы мен Әділетті Қазақстан қағидаттарының іс жүзінде орындалуы дегеніміз – осы.

Болашақта әлі талай қоғамдық талқылау өткізіледі. Азаматтар референдумда немесе қарсы болған сарапшылардың дәйекті пікірлерін барынша таразылап, ой елегінен өткізіп барып шешім қабылдауға тиіс. АЭС саламыз ба, салмаймыз ба – мұны халық шешеді.

– Былтыр сыртқы саясат саласында ауқымды жұмыс атқарылды. Қазақстан түрлі саммиттер мен форумдарда өз ұстанымын барынша салмақты жеткізе білді. Сіз әлемдік деңгейдегі көшбасшылармен көптеген кездесу өткіздіңіз. Әсіресе, өңірлік «С5+» үлгісіндегі басқосулардың маңызы арта түсті. Мұның бәрін Сіздің әлемдік дипломатиядағы абырой-беделіңіз де белгілі бір дәрежеде ықпал еткені анық. Алдағы уақытта сыртқы саясатымызда қандай айтулы оқиғалар болмақ?

– Қазақстан тиімді әрі сапалы сыртқы саясат жүргізу арқылы өзінің ұлттық мүддесін қорғап, стратегиялық міндеттерін орындап келеді. Біздің өзгермейтін мақсат-мұратымыз бар. Бұл – еліміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау, Қазақстан азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау, экономикамыздың орнықты дамуына барынша қолайлы жағдай жасау. Мен он жыл Сыртқы істер министрі болғанда осы басымдықтарды айқындауға тікелей атсалыстым. Қазіргідей аумалы-төкпелі геосаяси жағдайда бізге шетелдік серіктестеріміздің бәрінмен,

әсіресе, көршілерімізбен өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту маңызды.

Сіз «С5+» үлгісіндегі ықпалдастықтың өзектілігі артып келе жатқанын дұрыс аңғардыңыз. Орталық Азия – геосаяси ахуалға қатысты өз пайымы бар әрі қарқынды дамып жатқан аймақ. Бүгінде бұл өңір сауда, инвестиция, бизнес, инновация үшін жаңа мүмкіндіктер орны болып отыр. Сол себепті әлем елдері Орталық Азияға айрықша назар аударуда. «С5+» үлгісі маңызды диалог алаңына айналды.

Тұрақты әрі өзара сенімге негізделген жоғары деңгейдегі диалогтер болмаса, аймақтағы мемлекеттердің басқа да ықпалды елдермен қарым-қатынасын қарқынды дамытуға неғайбыл еді. Соңғы жылдары бұл бағытта біршама ілгерілеу бар. Әсіресе, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының жыл сайынғы консультативтік кездесулері нәтижелі өтіп келеді. Айтпақшы, Қазақстан төраға ретінде биыл да осындай үлгідегі кездесу ұйымдастырады. 2024 жылы еліміз өңірлік және халықаралық деңгейдегі бірқатар ықпалды ұйымдар мен бірлестіктерге төрағалық ететінін жаңа ғана айтып өттім.

Тағы бір маңызды шара – Астана халықаралық форумы. Биылғы маусым айында өтетін алқалы жиынға әлемнің көптеген көшбасшысы мен жаһандық деңгейдегі компаниялардың жетекшілері қатысады. Жиында климаттың өзгеруі, азық-түлік тапшылығы және энергетикалық қауіпсіздік сияқты барша елдерге ортақ мәселелер талқыланады.

БҰҰ Бас Ассамблеясы аясында Франциямен бірлесіп «One Water Summit» халықаралық форумын өткізу туралы уағдаластықтың мән-маңызы зор. Бұл басқосу климаттың өзгеруіне қатысты жаһандық қозғалысқа сүбелі үлес қосатын жиын болмақ.

– 2024 жылдың наурыз айында Ресейде президент сайлауы өтеді. Бұл оқиға жаһандағы және аймақтағы ахуалға қалай әсер етеді деп ойлайсыз?

– Биыл Ресейде ғана емес, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Үндістанда, Әзербайжанда және басқа да мемлекеттерде сайлау өтеді. Сондай-ақ Еуропарламент депутаттары сайланады. Әрине, біз осы сайлау науқандарын жіті бақылап отырамыз.

Ресейде өтетін президент сайлауының біз үшін мән зор екені сөзсіз. Өйткені Астана мен Мәскеу арасында өте жоғары деңгейде қарым-қатынас орнаған. Ресей Қазақстанның негізгі серіктесі әрі одақтасы екені баршаға аян. Өткен отыз жылда мемлекетаралық байланыстардың іргесі беки түсті. Екі ел арасында 300-ден астам шарт пен келісім жасалған. Барлық саладағы екіжақты ынтымақтастық тетіктері жұмыс істеп тұр. Жоғары деңгейдегі саяси диалог қарқынды дамып келеді. Біз көпжақты құрылымдар аясында, сондай-ақ өңірлік тұрақтылық пен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында ықпалдас әрекет етеміз.

Былтыр Владимир Путин Қазақстанға ресми сапармен келді. Бұл екіжақты қатынасты жандандыра түскен негізгі оқиғалардың бірі болғаны анық. Біз келіссөз барысында мемлекеттеріміздің стратегиялық серіктестігі мен қарым-қатынасын шынайы достық сипатынан айнамайтын тағы да нақтылады.

Ресей – Қазақстанның негізгі сауда-экономикалық серіктесі. Екі елдің тауар айналымы 2023 жылдың бастапқы 10 айында 21,4 миллиард доллар болды. Өйтетін жөні де бар, біздің шекарамыз құрлықтағы ең ұзын шекара саналады.

Ғылым-білім және мәдени-гуманитарлық саладағы қарым-қатынасты нығайтуға әрдайым айрықша мән беріледі. Биыл орыстың ұлы ақыны Александр Пушкиннің туғанына 225 жыл толады. Бұл – Ресей ғана емес, Қазақстан үшін де маңызды оқиға. Өйткені Пушкин – хәкім Абай сияқты, көп халықтың достығы мен мәдени байланыстарының басты символының бірі.

Ресей Федерациясының әлемдік саясатта аса маңызды рөл атқаратынын және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі екенін ұмытпаған жөн. Ресей Президенті Владимир Путин – сөзімен де, ісімен де жаһандық ахуалға ықпал ететін тұлға. Ресейдің ұстанымымен бүкіл әлем санатасыны жасырын емес. Бұл мемлекеттің қатысуынсыз дүние жүзінде бірде-бір проблема шешілмейді. Ол айдан анық.

Сондықтан Ресей секілді алпауыт елдегі президент сайлауының халықаралық мән-маңызы қашанда жоғары және оған әлемнің көптеген елі назар аударады.

– Еліміздің сыртқы саясатында Қытаймен қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. Соңғы жылдары Қазақстан қоғамының шығыстағы көрініс деген көзқарасы жақсара бастағаны байқалады. Болашақта ҚХР-мен ынтымақтастық қалай орбиді?

– Бүгінде Қазақстан мен Қытайдың қарым-қатынасы достық, тату көршілік және мәңгілік стратегиялық серіктестік рухында қарқынды дамып келеді. Біз Төраға Си Цзиньпинмен бірге Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың жаңа («алтын отыз жылдығына») қадам бастық. Мен былтыр Қытайға бір емес, екі мәрте сапармен бардым. Бұл – елдеріміз арасындағы тығыз ықпалдастықтың айқын дәлелі.





# Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек!

(Соңы. Басы 1, 2,3-беттерде)

Қытай көшбасшысымен Сианьда және Бейжінге мазмұнды келіссөздер жүргізіп, маңызды уағдаластықтарға қол жеткізді. Оны жүзеге асырудың нақты жолдарын белгіледі. Осындай жеке жүздесулер Астана мен Бейжіннің байланыстары жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Бүгінде қазақ-қытай қатынастары көпке үлгі болып отыр деп сеніммен айта аламын.

Екі елдің өзара тауар айналымы жыл санап артып келеді. Оның көлемі 2023 жылдың 10 айдағы қорытындысы бойынша 24,3 миллиард долларға жетті. Бұл – жаңа рекорд! Қазір экспортқа шығарылатын отандық тауар түрлерін көбейтіп, ҚХР-ға жүк тасымалын арттыру үшін белсене жұмыс істеп жатырмыз. Қытай бұрыннан Қазақстан экономикасына мол қаржы құйған ірі инвесторлардың қатарына кіреді. Осы уақытқа дейін ҚХР елімізге 24 миллиард доллар инвестиция салды.

Қытаймен ортақ шекарамыздың болуы, Шығыс пен Батыстың арасындағы ұтымды жерде тұрғанымыз қытай тауарларын түрлі бағытқа Қазақстан аумағы арқылы тасымалдауға зор мүмкіндік береді. Өйткені, Бейжінге жоғары деңгейде өткен «Бір белдеу, бір жол» атты үшінші форум аясында бірқатар маңызды құжатқа қол қойылды. Соның ішінен Транскаспий халықаралық көлік дәлізін бірлесіп дамыту жөніндегі келісімді және «Аяғөз – Таңғы» бағытындағы темір жол құрылысы туралы меморандумды атап өтуге болады. Бұл келісімдер еліміздің көлік-логистика саласына тын серпін беретініне сенімдімін. Қазақстан Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» мегажобасын толығымен қолдайды. Былтыр қазан айында Бейжінге өткен форумда сөйлеген сөзім – осының тағы бір дәлелі.

Қазақстан мен Қытай арасында визасыз жүру режимі күшіне енді. Мұның мәні зор. Енді отандастарымыз көрші елге емін-еркін барып, келе алады. Азаматтарымыз осы мүмкіндікті оңтайлы пайдаланады деп үміттенемін.

Елімізде Қытайға қатысты баяғы қасаң түсініктерге негізделген немесе бізге сырттан таңылған жөнсіз үрей болмауға тиіс. Қазіргі Қытай – өте жоғары дамыған, соның ішінде озық технология саласында зор табысқа жеткен мемлекет. Мұны бүкіл әлем мойындап отыр. Сондықтан, шығыстағы көршімізбен ынтымақта болу, достық қарым-қатынас пен өзара сенімнің артықшылықтарын тиімді пайдалану Қазақстан үшін аса маңызды.

– Сіз жақында өткен «Парыз» және «Алтын сапа» сыйлықтарының лауреаттары марапаттау рәсімінде отандастарымызды тек қана алға қарап, алысты көздейтін мақсатқа ұмтылуға шақырдыңыз. Ескілікке тым бой ұрмау, өсіп-өркендеу жолына айымау керектігін атап өттіңіз. Осы арқылы нені мензедіңіз? Қоғам не нәрсеге мән беруі қажет деп ойлайсыз?

– Күнделікті міндеттерден бөлек, ұзақ мерзімге арналған мақсаттарға ден қоюдың мәні зор. Біз болмашы нәрселерге баса назар аударып, ұсақ-түйекті талқылауға бүкіл күш-қуатымызды сарп етеміз. Одан да сорақысы, әлдекіміздің жалған сөзіне еріп, арамыз боламыз. Мұндай пайдасыз істерге алаңдап, ұлттың стратегиялық бағдарынан жаңылауға тиіспіз.

Бағызды ұлы халық болғанбыз деп масаттанып немесе бұрынғы өкпе-реніштерді қозғатып, қызылкенірдек болып айтысудың қажеті қанша?! Бұлай ескілікке бой ұруға әсте болмайды. Әлбетте, тарих – біздің жалпыұлттық бірегейлігіміздің маңызды бөлігі. Сондықтан, мемлекет дәл қазір бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп отыр. Атап айтсақ, түрлі тақырыптағы кітаптар көптеп шығарылууда. Жаңа ғылыми мекемелер құрылып, бұрынғы институттар жаңғыртылып жатыр. Жақында сталиндік репрессия құрбандарын ақтау жөнінде ауқымды зерттеу жұмысы аяқталды. Бір сөзбен айтқанда, сан ғасырлық тарихымызды зерттеу, тарихи әділдікті қалпына келтіру біздің негізгі міндетіміздің бірі болып қала береді.

Алайда біздің бұрын кім болғанымыздан қазір кім екеніміз, ең бастысы, болашақта кім болатынымыз әлдеқайда маңызды. Сондықтан қандай қиындықтан өткенімізді бағамдайтын кезде ғана ауызбіршілік таңытпай, баянды болашаққа да бірге қадам басуымыз қажет. Біз өткенді аңсаумен өмір сүрмеуіміз керек. Керісінше, келешегімізді кемел етуге ұмтылып, ұлттың ұлылығын нақты іспен дәлелдеуге тиіспіз. Дүниетанымымызға жат мәдениеттерге көзсіз еліктеуден, жалған патриотизмнен, даңғойлық пен даракылықтан сақтануымыз керек. Халқымыздың бойындағы кемшіліктерге көз жұма қарамай, одан арылуымыз қажет. Мұның бәрі күн сайын қубылан тұрлаусыз заманда өмір сүріп жатқан Қазақстанның келешегі үшін айрықша маңызды.

Сондықтан ұлтымыз өсіп-өркендесін десе, біз жақсыдан үйреніп, жанманан жирене білуіміз керек. Қоғамда еңбеккерлік пен жасампаздық жоғары бағалануға, білімпаздық пен жанашылдық салтанат құруға тиіс. Сондай-ақ өмірге деген байсал-

ды және байыпты көзқарас басым болғаны жөн. Ашығын айтайын, өзін «ұлттың қаймағымыз» деп санайтын кейбір зиялы қауым өкілдері осы миссиясын өз деңгейінде атқарып жүрген жоқ. Олар ұлтқа үлгі-өнеге көрсетудің орнына, ұсақ-түйек әңгімелерді қозғатудан, әдеттегідей «біздің халық аса данышпан» деп қайталай беруден немесе кара басының қамын күйттеп, билікке «жағдайымды жасамады» деп өкпе артудан аса алмай отыр. Осылайша, ұлттық идеологияның даму жолында жалғандыққа жол беріледі.

Біз озық ойлы ұлт ретінде халқымызды ыдырататын емес, біріктіретін жолды таңдап, тек қана алға қарауымыз керек. Жалпыұлттық құндылықтар бәрінен жоғары тұруға тиіс. Бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Тағы да қайталаймын, еңбеккерлік, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және



үнемшілдік – нағыз отаншыл, адал азаматтан қасиеттер мен құндылықтар. Халқымыздың қуатын арттырып, табысқа жетелейтін осындай қасиеттер мен құндылықтарды жан-жақты дәрiпттеп, ұрпақ санасына сiңiру арқылы ғана сапалы ұлтқа айнала аламыз.

– Тағы бір мәселені айтпай кетуге болмас. Кейінгі кезде қоғамда зорлық-зомбылық пен қатыгездік белен алып барды. Әйелдер мен балалардың әлімжеттік көргені, соққыға жығылғаны туралы ақпарат күн сайын шығады. Осындай қылмыстардың тамырына балта шауып, біржолта тосқауыл қою үшін мемлекет тарапынан не істеліп жатыр?

– Мұндай қылмыстардың алдын алып, жолын кесу үшін менің тапсырмаммен нақты шаралар қабылданды. Әйелдер мен балаларға жасалған зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстарды тергеумен әйел тергеушілер айналысатын болды. Сондай-ақ ішкі істер органдарында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғаумен шұғылданатын мамандардың штаты қалпына келтіріліп, олардың құзыреті күшейтілді.

Біз мұнымен шектелген жоқпыз. Былтыр отбасындағы тұрмыстық құқық бұзушылықпен күрес тәсілдерін қайта қарадық. І шілдеден бастап полиция жәбірленушінің шағымын емес, қылмыстың анықталуын негізге алып, қылмыстық істі тіркеуге көшті. Яғни мұндай қылмыстарға қатысты іс қозғау үшін зорлық-зомбылықтан жапа шеккен адамның арызы қажет емес. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағандарға әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік елауір күшейтілді. Жәбірленуші қайта-қайта қысымға ұшырамауы үшін бұдан былай мұндай іске қатысты тараптарға екінің рет татуласу мүмкіндігі берілімдейін болды.

Сондай-ақ Мәжілістің бір топ депутаты халыққа Жолдауымын аясында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің жаңа әрі тиімді шараларын қарастыратын заң жобасын әзірлеп жатыр.

– Өткен жылдың қараша айында ер адамның әйелін өлтіруі қоғамда үлкен дүрбелең туғызды. Осы оқиғадан кейін әлеуметтік желіде әйелдер мен балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағандарға жазаны қатайту туралы бейресми петиция жарияланып, оған өте көп қол жиналды. Алайда «Петициялар туралы» заң бийл сәуір айында ғана күшіне енеді. Сондықтан бұл петиция заңсыз деген сөз шықты. Көпшілік «Жабулы қазан жабулы күйінде қалады» деп алаңдап отыр. Тұрсын айтыңызшы, Сіз тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазаны қатайтуды қолдайсыз ба?

– Мен елімізде «зақ мен тәртіп» қағидатының орныға түскенін қалаймын. Сондықтан нақты жауап берейін, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жазаны қатайтуды толық қолдаймын. Сіз айтқан петиция заң талабына сай келсе де, келмесе де, азаматтардың пікірі міндетті түрде ескеріледі. Оған күмән болмасын.

Сонымен қатар қоғамда озбырлық пен зорлық-зомбылықтың кез келген түріне мүлдем төзбейтін түсінік қалыптаспаса, заңға енгізілген өзгерістерден аса қайыр болмайды. Жұрт зорлық-зомбылық жасағандарға жазаны қатайту талап ете тұра, қылмыс әлеміндегі шытырман оқиғаларға таңдай қағып, фильмдердің заңды белден басытын кейіпкерлерін ғана емес, тіпті шынайы өмірдегі кәсіп қылмыскерлердің өзін пір тұтып жатады. Бұл жағдай бір-біріне мүлде кереғар және өте оғаш көрінеді. Солай не?! Біз қоғамды ішінен ірітетін, адамгершілікке жат қылықтарды ақтауды көздейтін кез келген әрекетке және құқықтық нигилизмге тұтас ел болып тосқауыл қоюымыз керек.

Біз заңсыздық пен қатыгездікке бір кісідей, батыл қарсы тұруымыз қажет. Сондай-ақ қоғам нормалар мен ережелердің және жалпы адамзатқа ортақ құндылықтардың аяқасты болуын қатаң айыптап, онымен бір-

деген пікірмен келісе алмаймын. Бірақ билік құрылымдарына аға буынның тәжірибесі де, жас ұрпақтың жаңа идеялары да керек. Бұл жерде эксперимент жасаудың қажеті жоқ. Кейбір сарапшымақтар «Президент Тоқаев жүйені тұралайтып тастады, ешқандай өзгеріс болған жоқ, ескі кадрлар орнында қалды» деген сынаржақ пікірін тықпалаудан танбай жүр. Мұның астарында қоғамның шырқын бұзып, мемлекеттілігіміздің іргесін шайқайтын пасық ниет жатыр. Асығыстықтын салдары ауыр болуы мүмкін.

Жас басыларға көбіне тәжірибе жетпейді. Менмендігі және өзіне деген сыни көзқарастың әлсіздігі кейде олардың өз қарым-қабілетін жоғары деңгейде көрсетуіне кедергі келтіреді. Соған қарамастан, біз жаңа буыннан шыққан кәсіби мамандарға мүмкіндік беріп келеміз. Бұл саясат алдағы уақытта да жалғасын табады.

– Тұңғыш Президенттің мемуары қоғамда қызу талқыланды. Сіз де ол кітап-

лесе күресуі керек.

– Өзіңізбен бірге жұмыс істейтін азаматтар Сізді өте талапшыл басшы дейді. Қадр саясатында қандай қағидатқа сүйенесіз? Қол астыңыздағы қызметкерлермен қарым-қатынасыңыз қандай?

– Мемлекеттік қызметшілер өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқаратын кәсіби маман ғана болмауы керек. Олар әрдайым бастамашыл, нақты ісімен елге пайда әкелетін және өзгерістердің өміршеңдігін халыққа көрсете алатын азамат болуы қажет. Сондай-ақ олар білімді-білікті ғана емес, сөзі мен ісі үйлесетін, тиянақты, тәртіпті және арлы адам болуы шарт. Қарамағмыда қызмет істейтін азаматтардың маған емес, Әділетті Қазақстанды құру идеясына адалдық әлдеқайда маңызды.

Барлық деңгейдегі шенеуніктер мен басшылар қоғамның тамырын тап баса білуге, азаматтардың мұн-мұқтажын тыңдап-түсінуге, соған сәйкес дер кезінде нәтижелі шаралар қабылдауға және дұрыс шешім шығаруға қабілетті болуы керек. Бұл – ең басты талап. Олар «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген қағидатты берік ұстануға тиіс.

– Қадр мәселесін одан әрі жалғастырсақ. Реформалардың нәтижесінде көптеген дарынды жас мемлекеттік қызметте өздерінің қарым-қабілетін көрсетеу мүмкіндік алды. Қазір өзің Парламентте, мәслихаттарда, министрліктерде және басқа да мекемелерде жұмыс істеп жүр. Сіз жаңа буын өкілдерін ұдайы қолдап келесіз. Алайда жас басыларға тәжірибе мен пайым-парасат жетіспейді деген пікір айтылады. Сіз қалай ойлайсыз?

– Мен қазақ елінің жастарына сенемін. Сондықтан олардың атқарушы және заң шығарушы билік тармақтарында қызмет етуіне жол ашатын кешенді шаралар қабылданды. Президенттік жастар кадр резерві жасақталды. Іріктеудің бірнеше сатысынан өткен кәсіби жас мамандар мемлекеттік қызметте басшылық лауазымдарға тағайындала бастады.

Саяси реформалар аясында партиялардың сайлау тізімін жасақтағанда және депутат мандатын бөлгенде әйелдер, жастар және мүмкіндігі шектеулі жандар үшін квота енгізілді. Соның нәтижесінде көптеген отаншыл жас Мәжіліс және мәслихат депутаты атанды. Өкілетті билікке жастардың үні жарқын естіле бастады. Осындай нақты қадамдар билік органдарының құрамын жанартуға тың серпін берді.

Қазір әлем жыл сайын емес, күн сайын өзгеріп жатыр. Жаңа технологиялар, мамандықтар және салалар пайда болуда. Жұмысты ұйымдастырудың және басқарудың әдіс-тәсілдері қайта қаралууда. Осындай жағдайда жаңа кәсіби дағдыларды меңгеруге және озық білімін тиімді пайдалануға қабілетті жастардың рөлі арта түседі. Ойы ұшқыр жастарымыз болашақты бағамдай алады әрі дәйекті дамуға ұмтылады. Сондықтан оларға парасат-пайым жетіспейді

ты оқыған шығарсыз. Көптеген шешім мен оқиғаға тікелей қуа болған адам ретінде қандай әсер алдыңыз? Өзіңіздің мемуар жазатын ойыңыз бар ма?

– Бұл кітап тәуелсіз мемлекет құру ісінің жылнамасы ретінде оқырман қызығушылығын туғызды деп ойлаймын. Кезінде бір айтқыш «Мемуарда шындықтың жартысы айтылса да, ол тарихи оқиғалардың ауқымын бағамдауға жеткілікті» деген екен.

Нұрсұлтан Назарбаев – бірнеше дәуірге қуа болған тарихи тұлға. Ол өз мансабын комсомол белсендісі ретінде Хрущев заманында бастап, арада алпыс жылдан астам уақыт өткеннен кейін қызметтен кетті. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуына қосқан үлесін бәрі біледі. Ол – әділ тарихи бағасын алуға лайық адам.

Мен мемуарларды, публицистикалық шығармаларды, саяси очерктерді әрдайым ыждағатпен оқимын. Ал сұраққа келсек, мен үшін қазіргі кезең мемуар жазып отыратын уақыт емес.

– Жұрттың айтуынша, Сіз кезінде өңір басшыларына Өзіңізді ұшақтан түлмен қарсы алуға, аста-төк дастарқан жаюға, думандатып концерт, шоу өткізуге тыйым салыпсыз. Сол рас па?

– Президент ретінде алғаш рет ел аралауға шыққанымда, әкімдер салтанатты шаралар ұйымдастыруға, көл-көсір дастарқан жаюға, билбордтар орнатуға тырысты. Қазір мұның бәрі тыйылды. Мен облыстарға жұмыс бабымен ғана барамын. Уақыт өте келе жергілікті жерлерде де осындай жұмыс дағдысы қалыптасатынына сенімдімін. Халықты жинап, қыруар қаржы шығындап, салтанатты шаралар ұйымдастыру біржолата тоқтатылады.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, мазмұнды сұхбат бергеніңіз үшін рахмет айтамыз. Жаңа жылда айтулы оқиғалар көп болады деп сенеміз. Сұхбатымыздың соңында тағы бір сұрақ қойайын. 2024 жылды қалай қарсы алдыңыз?

– Жаңа жыл – әрине, күнтізбенің жаңа парағын ашатын маңызды меже. Осы сәтте өткен жылды қорытындылап, келешекке жоспар құру әдетке айналған. Бір жағынан, Жаңа жыл мен үшін кастерлі мереке емес. Оның үстіне, өзіміздің төл жаңа жылмыз – Өз Наурызды естен шығармаған жөн. Бұл мейрам – тіршілікті түлете келетін нағыз табиғи жыл басы.

Наурыз – жанару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін.

Сөз соңында барша халқымызға бақ-береке тілеймін! Ең бастысы, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Кәстерлі Қазақстанымыз өсіп-өркендей берсін!

Әңгімелескен –  
Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ  
«Егемен Қазақстан» газетінен

• ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

## Зиялы қауымға жүктелер міндет зор

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Бас газетіміз Егемен Қазақстанға берген «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» тақырыбындағы көлемді сұхбатында өткен жылдың еліміз үшін маңызды оқиғаларға толы болғанын, алдымызда одан да зор міндеттер тұрғанын атап өтті. Сұхбатты тұшына оқып шықтық.

Күнтізбе бойынша тағы бір жылды қорытындылап, Жаңа жылға қадам басқан шақта бәріміздің де көңіл төрімізде келер күнге деген үміт, болашаққа деген болжам тұрауы хақ.

Тарих қойнауына аттанған 2023 жылы елімізде саяси-экономикалық және әлеуметтік салаларда бірқатар өзгерістер болды, елдің әл-ауқаты өсті. Саяси жүйе толығымен жанарды, жаңа заңдар қабылданып, зейнетақы мен жәрдемақы мөлшері, ең төменгі күнкөріс деңгейі артты. Президент жылдың осындай жетістіктерін атап өте келіп, азаматтарымыздың жаппай несиелік қарызға батып отырғанына алаңдайтынын білдірген. Мемлекет басшысы осы орайда бірқатар нақты шараларды жасалып жатқанына тоқталды.

Президент сондай-ақ, өзінің сындарлы сұхбатында «Күнделікті міндеттерден бөлек, ұзақ мерзімге арналған мақсаттарға ден қоюдың мәні зор» деп баршамаңызды болашақ ұлы мақсат-міндеттерге бағыттады. Өткен ғасырларда керемет болғанбыз деп мақтаным-масаттана берудің орнына, болашақта кім болатынымыз маңызды екендігіне баса назар аударды. Осы орайда әділ бағасы берілу үшін өткен тарихымыздың көп томдығын отандық және шетелдік тарихшы-ғалымдардың бірлесіп зерттеп-жазып жатқаны, сталиндік репрессия құрбандарын ақтау жөнінде көлемді зерттеу жұмысы аяқталғанын айтып өтті.

«Біз өткенді аңсаумен өмір сүрмеуіміз керек. Қоғамда еңбеккерлік пен жасампаздық жоғары бағалануға, білімпаздық пен жанашылдық салтанат құруға тиіс. Сондай-ақ өмірге деген байсалды және байыпты көзқарас басым болғаны жөн. Ашығын айтайын, өзін «ұлттың қаймағымыз» деп санайтын кейбір зиялы қауым өкілдері осы миссияны өз деңгейінде атқарып жүрген жоқ». Президентіміздің осынау сөздері біз сияқты аға буын өкілдеріне зор міндет жүктеп отыр. Біз білгенімізді, өмірлік тәжірибемізді, білімімізді бүгінгі және келер ұрпақтың бойына сiңiрiп, олардың ұлттық құндылықтарды бәрінен жоғары қытай саналы ұрпақ болып өсіп-жетілуіне ықпал етіп, елдің ыдырауына емес, бірігуіне жұмыс істеуіміз керектігін айқындап бергендей.

Өз басым Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа жылдық сұхбатынан осындай тағылым алып,терең ой түйдім.

Сағат БАТЫРХАНОВА,  
Халықаралық журналист,  
Қазақстанның Күрметті журналисі

## Табанды еңбек дамуға бастайды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі ғалым, «Қазақ газеттер» ЖШС Бас директоры Дихан Қамзабекұлына берген кең көлемді сұхбатында жастарға сенім артатынын айтты. Оған дәлел – Президенттің жастар кадрлық резерві. Бұл жоба 2019 жылдан бері Президенттің бастамасымен жүзеге асырылып келеді. Еліміз бойынша мыңдаған жастар аталған резервке өтуге ниетті. Дегенмен, мықтының мықтысы ғана бірнеше кезеңді іріктеуден тұратын бұл жобадан жеңімпаз атанып, тандаулылар қатарына өтеді. Жауапты мемлекеттік лауазымдарға тағайындалады. Бұл әдістің оң нәтиже беретініне сенім мол.

Сондай-ақ, сұхбатта Қасым-Жомарт Кемелұлы озық ойлы ұлт болу жолында жастарға еңбеккерлік, білімпаздық секілді жақсы қасиеттер керек екенін атап өтті. Шынығында да, тек табанды еңбек пен үнемі ізденістің арқасында ғана алға қарай даму болады. Бұл тұрғыда жастарға үлкендер тарапынан ақыл-кеңес беру үлкендердің үлесіндегі маңызды міндет деп білемін.

Жалпы, сұхбатта бүгінгі таңдағы өте өзекті мәселелер қозғалған. Қоғамдағы түйткілді сұрақтардың жауабы берілген. Сол себепті, жыл басында жарық көрген осы мазмұнды мақаламен еліміздің ертеңіне бейжай қарамайтын әр белсенді жас танысуы керек.

Сәттібай ЖҮНІСОВ,  
Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының бас маманы



## • СЫРТҚЫ САЯСАТ

## Жаһан және Қазақстан

Бүгінгі Қазақстан – сыртқы саясатта өзіндік орны бар мемлекет. Әлемдегі саяси серіктестерінің барлығымен дерлік ынтымақтастық ашықтық қағидаты негізінде меймандостық мәміле жүргізеді.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Біріккен ұлттар ұйымында

Көпжақты форматтағы маңызды оқиға ретінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-ші сессиясының жұмысына қатысуы, халықаралық беделді ұйымның Бас хатшысы Антонио Гутерришпен, Мажарстан, Эстония, Финляндия, Иран, Словения, Оңтүстік Корея, Кения, Монголия, Португалия, Черногория, Румыния көшбасшыларымен, сондай-ақ, әлемнің ірі компанияларының басшыларымен кездесуі болды. Нәтижесінде Қазақстан Кирибатимен бірлесіп ұсынған «Ядролық қару зардабы: сынақтан зардап шеккен мемлекеттерге көмек көрсету және қоршаған ортаны қалпына келтіру» қарарын 171 мемлекет қолдады.

Қазақстанның ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра комитетіне төрт жылдық мерзімге сайлануы әлем қауымдастығының республикаға деген ізгі ілтипатын білдіреді. ЮНЕСКО-ның 2024-2025 жылдарға арналған атаулы күндер күнтізбесіне Нұрғиса Тілендиев пен Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толу да тасы енді. Бүкіләлемдік мұра табиғи қорықтары қосылды. Тарихта тұңғыш рет ЮНЕСКО клубтары мен қауымдастықтарының дүниежүзілік федерациясының президенті болып Қазақстан өкілі сайланды.

Өткен жылдың шілде айынан бастап еліміз Шанхай ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуде. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының түйткілді мәселелерін шешуде республика рөлі артқандығы күмәнсіз.

## Түркі векторы

Қазақстан, Түркия және Әзірбайжан мемлекеттері басшыларының мазмұнды байланыстары

қарым-қатынастарды кеңейтілген стратегиялық әріптестік деңгейіне шығаруға, Түркі мемлекеттері ұйымын нығайтуға соны мүмкіндік берді. Астанада «TURKTIME!» ұранымен өткен X Саммиттегі біздің төрағалығымыз түркі әлемінде ғана емес, бүкіл әлемде кең резонанс тудырды.

Қазақстанның сыртқы саясатының түркі векторы түркі әлемімен қарым-қатынасты нығайтуға стратегиялық ұмтылысты көрсетеді. Ортақ тарихи тамырлар мен құндылықтарға негізделген бұл ынтымақтастық қиындықтарды жеңе алатын және бірге өркендеуге ұмтылатын тұрақты және Біртұтас түркі кеңістігін құруға ықпал етеді.

## Көрші ақысы

Қазақстан Ресеймен прагматикалық көпжақты ынтымақтастықты дамытуды жалғастырады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресейге сапары және Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің Астанаға сапары барысындағы келіссөздер нәтижелі болды. Бұл ретте Қостанайда өткен Өңіраралық форум сауда-экономикалық ынтымақтастыққа маңызды серпін берді. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеуінің Ресейге ресми сапары барысында Сыртқы саяси ведомстволар арасындағы ынтымақтастық жөніндегі іс-шаралар жоспарына қол қойылды. Қазақстан-Ресей бірлескен демаркациялық комиссиясының 10-шы отырысы өтті.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің Беларуське ресми сапары кезінде қазақ-беларус қатынастарының стратегиялық деңгейі расталды. Оңтүстік Кавказ елдерімен өзара іс-қимыл теңгерімін қамтамасыз ету мақсатында Әзірбайжан және Армения сыртқы істер министрлерімен бірқатар маңызды кездесулер өткізілді.



## Мәңгілік әріптестіктің мәні

Қазақстан Республикасы мен Қытай арасындағы дипломатиялық қатынастар қазіргі геосаяси ландшафт жағдайында айтарлықтай маңызға ие болды. Көршілестік, ортақ мүдделер және бірлескен дамуға деген ұмтылыс екі елді әлемдік аренадағы негізгі стратегиялық серіктестерге айналдырды.

Қытаймен «мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестік» дәйекті түрде нығайтылады. Қазақстан Республикасы Президентінің Қытай Халық Республикасына жасаған мемлекеттік сапары, «Бір белдеу, бір жол» үшінші форумна қатысуы, ондағы Қытай басшылығымен тұрақты байланыстар Бейжіңмен ынтымақтастықтың жаңа көкжиегін ашты. Қос мемлекеттің азаматтары үшін визасыз режим туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Екі ел де климаттың өзгеруі, терроризм сияқты жаһандық мәселелерді шешуде белсенді жұмыс істейді. Олардың әлемдік арена-

дағы бірлескен күш-жігері әлемдік тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға ықпал етеді.

## Келелі келіссөздер мен нәтижелі кездесулер

Мемлекет басшысы Қасым-

қошбасшыларының оң пікірлерін тудырды.

Президент Еуропаның жетекші елдерінің басшыларымен және Еуропалық Одақтың жоғары лауазымды тұлғаларымен сыртқы иігі байланыстары ондағы серік-

сілдері мен санкциялық қысым әдістері алдыңғы қатарға шықты.

Қазақстан бұдан былай да БҰҰ Жарғысын, халықаралық құқықты және халықаралық қатынастардағы теңдік пен демократия қағидаттарын ұдайы сақтауды жақтайды. Мемлекет басшысы айтқандай, халықаралық турбуленттілік жағдайында Қазақстан теңгерімді, көпекторлы және сындарлы сыртқы саясатты ұстанады.

Қарағанды Қазақстанның ірі қалаларының бірі және Қарағанды облысының орталығы ретінде еліміздің сыртқы саясатында маңызды рөл атқарады. Қазақстанның сыртқы саяси векторы Қарағанды тікелей немесе жанама қатысатын бірқатар стратегиялық аспектілерді қамтиды.

Қарағанды Қазақстанның өнеркәсіп орталықтарының бірі бола отырып, елдің экономикалық және инвестициялық бастамаларына белсенді түрде тартылды. Шетелдік инвестицияларды әсіресе өндірісі өнеркәсіп және пайдалы қазбаларды өңдеу салаларына тарту Қарағандының экономикалық серпініне әсер етеді және оның әлемдік экономикаға интеграциялануына ықпал етеді.

Қазақстан, Қарағандының қоса алғанда, жаңартылатын энергия секторын белсенді дамытып, орнықты экологиялық дамуға ұмтылуда. Қарағандының бұл процеске қатысуы өңірдегі экологиялық аухалды жақсартуға ықпал етеді және елге энергетикалық тұрақтылық саласында жаһандық мән береді.

Шетелдік әріптестермен мәдени және білім алмасу Қазақстанның сыртқы саясатының маңызды құрамдас бөлігіне айналууда. Қарағандыдағы оқу орнындағы шетелдік университеттермен белсенді ынтымақтасуды, бұл білім алмасуға етене мәдени өзара түсіністікке ықпал етеді.

Қазақстанның әлемдік энергетикалық кешендегі маңыздылығын ескере отырып, Қарағанды еліміздің және оның әріптестерінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өз үлесін қосады.

Қалаың экономикалық, білім беру және мәдени дамуға белсенді қатысуы өңірлік және әлемдік процестерге оң әсерін тигізіп, Қарағандының геосаяси картада маңызды ойыншы етеді.

## • ҚАЗАҚСТАН МӘСЛИХАТТАРЫНА – 30 ЖЫЛ

## Халық игілігі жолындағы қызмет

Бүгінде халық қалаулыларына деген сенім – зор. Бұрынғыдай емес, жергілікті биліктің ықпалынан шығып, сайлаушыларының мүддесі үшін жұмыс жасайтын депутаттардың әсер етуімен шешілген талай түйткілді мәселелерді естіп те, көріп те жүрміз. Быыл құрылғанына 30 жыл толатын түрлі деңгейдегі мәслихаттар тұрғындардың мәселелерімен қатар, өзге де өзекті шаруаларды шешуге белсенді атсалысып келеді. Олардың екініші жұмысының ықпалымен бүгінде қоғам белсенділігі артып, мәслихат депутаттары еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін беріп, жұртшылық пен билік арасын байланыстырды. Бұның барлығы – осыдан дәл отыз жыл бұрын жасалған қадамның, яғни, мәслихаттарды құру шешімінің нәтижесі. Бүгінде депутаттарсыз мемлекетті елестету әсте мүмкін емес. Себебі, жұртқа жақын болып, өзекті мәселелерді шешу – мәслихат депутаттарының басты міндеті. Ал, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасында айтылғандай, халық бос сөзден әбден жалықты. Демек, іспен дәлелдейтін кез бұл. Халық мәслихат депутаттарына сенім артады, ал, депутат болса, сайлаушылардың үдесінен шығуға талпынуы бүгінгі күні қалыпты үдеріске айналған.

Салтанат ГИЯШИ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

1994 жылғы сәуірде мәслихаттар депутаттарының сайлауы өтті. Осы кезден бастап аталған органның тарихы басталады. Жалпы, «мәслихат» атауын ұсынған Маңғыстау облыстық мәслихатының алғашқы хатшысы – Тергеу Айдарханов. Ол сол кездегі Жоғары Кеңестің төрағасы – Әбіш Кекілбаевтың тапсырмасымен жергілікті депутаттар кеңесінің атауын қалай ұсынғанын айтыпты «Маңғыстау-Медиа» ЖШС журналисіне берген сұхбатында.

«...Ойланып отырдым. Ертеде оқыған кітаптарым есіме түсеті. Гректердің айналасындағы деректерді еске алдым. Уәде еткендей, екі сағаттан соң Әбіш телефон соқты. «Тергеу, ойлаңдың ба?» деді. Менің ойма келгені Мәслихат деген атау» дедім. Ол «Тұра тұр, мынауың әдемі атау ғой. Мен ақылдасып көрейін» деді. Жарты сағаттан соң телефон соқты. «11 облыспен хабарластым. Барлығы қос қолдап күтпеді, Маңғыстаудың ұсынысын қолдаймыз деп отыр. Мен енді қаулы шығаруым керек» деді. Не керек, сол күн-

нен бастап, ұсынысымыз қабыл болып, Маңғыстау облысынан ұсынылған депутаттар кеңесіне мәслихат деген атау пайда болды. Ол еліміз бойынша жалғасын тапты», – деп еске алады Тергеу Айдарханов.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Серікжан Байбосынов бүгінде жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі символы ретіндегі мәслихаттардың мемлекеттік басқару органдарындағы, жалпы мемлекеттік басқару жүйесіндегі рөлі өте жоғары екенін айтады.

– Мәслихаттар – жергілікті өкілді органдар. Негізі, демократияны дамытамыз

десек, мәслихаттардың рөлін арттыру маңызды. Себебі, жергілікті атқарушы орган осы мәслихаттар бекіткен бюджет негізінде жұмыс жасайды. Жергілікті бюджеттен бөлек, республикадан бөлінетін қаржының мақсатты жұмсалыуының негізгі қадағалаушысы да – осы мәслихаттар. Сондықтан, олардың қоғам өміріндегі, жалпы, өңіріміздегі белсенділіктері, кәсібиліктері, қоғамдық мәселеде өз ұстанымдарының болуы өте маңызды, – дейді Серікжан Берікбайұлы.

Серікжан Байбосынов мәслихаттар отыз жыл ішінде түрлі кезеңдерді өткергенін айтады. 2022 жылғы «Қаңтар оқиғасына» дейін мәслихаттар, олардың қоғамдағы күрделі мәселелердегі рөлі өте бәсең болғанына да тоқталды.

– Бұған дейін мәслихат жұмысына халықтың көңілі толмайтын былай тұрсын, депутаттарды, тіпті, білмейтін. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы жергілікті мәслихаттардың рөлін арттыруға үлкен серпін берді. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, бір мандатты сайлау жүйесі енгізілгеннен кейін мәслихаттағы бәсекелестік артты. Бүгінде қоғамда белсенділік танытып жүрген азаматтар мәслихаттарға кіріп, халықты мазалап жүрген сұрақтарды қозғауға, түйткілді мәселелердің шешілуіне өз үлесін қосып келеді, – дейді Серікжан Байбосынов.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға сәйкес, кез келген мәслихат депутаты сайлаушылардың көкейінен шықпаса, өкілеттігін тоқтатуға мүмкіндік бар. Осындай жаңашылдықтар бүгінгі мәслихаттың белсенді жұмыс істеуіне әсер етуде. «Қоғам ояу болса, халық заңды тұрғыда, саяси тұрғыда белсенді болса, мәслихаттардың белсенділігі артады. Жалпы, мәслихат пен жергілікті атқарушы орган – әкімдіктердің өзара кәсіби тұрғыда бірлесіп жұмыс атқаруы өмірдің дамуына бірден-бір серпін беретін тетік екенін де айтады Серікжан Берікбайұлы.

Мәслихаттар құрылғалы бері депутаттар талай ішкімізді істерді атқарғанына халықтың өзі куә. «Қазақстан мәслихаттарының құрметті депутаты», Қазақстанның

Құрметті журналисі, 21 жыл аудандық «Қарқаралы» газетінің редакторы болған, бұрынғы Егіндібұлақ ауданының тұңғыш әрі соңғы мәслихат хатшысы, кейіннен алты шақырылым бойы Қарқаралы аудандық мәслихатының депутаты болған, бүгінде құрметті демалыстағы Рымбек Смағұл мәслихат құрылған алғашқы жылдардың өзінде депутаттар талай игі шарға мұрындық болғанын айтады.

– Депутаттық қызметімді адал атқаруға аудандық «Қарқаралы» газетінің редакторы болғаным да сеп болды. Ауылдарды, шаруашылықтарды аралап, депутаттар тыным таппайтын еді. Жер жердегі өзекті мәселелерді жете білуге халыққа етене жақын болғандықтан да пайдасы бар. Бұл өз кезегінде мәслихат жұмысының ел дамуындағы, оның ішінде өңір дамуындағы қажеттілігін, маңыздылығын айқындап тұрғандай, – дейді Рымбек Смағұл.

Құрметті депутаттың еңбегіне әсіресе Қарқаралы ауданының Егіндібұлақ өңірі қанық. «Кезінде аудан тараған қиын-қыстау кезеңде талан-таражға ұшыраған ауылдардың жай-күйіне ешкімнің басы ауырып, балтыры сыздамаған еді» деп еске алады өзі. Сол кезде ауыл халқының мұң-зарына құлақ асқан аудандық мәслихат депутаттары бастама көтеріп, 15 жыл қатарынан жарықсыз отырған Едірей ауылына қаражат бөлгізуге ықпал еткен. Бұлар – түрлі деңгейдегі мәслихат депутаттарының атқарған шаруаларының бір парасы ғана.

Бүгінде депутаттық корпусының құрамы әралуан. Олардың қатарында кәсіпкерлер, ірі кәсіпорындардың басшылары, көлік және байланыс, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, ғылым, білім және мәдениет қызметкерлері, кәсіподақ қайраткерлері және тағы басқалары бар. Одан бөлек, мәслихат жанында жұмыс істейтін түрлі комиссиялар тағы бар. Бұл дегеніміз – әр салаға қатысты проблеманы көре білетін, түйсіне алатын мәслихат депутаттарына мақсатты түрде жұмыс жасауға мүмкіндік беретінін көруге болады.

Быыл мәслихаттарға – 30 жыл. Осы уақыт аралығында талай игілікті іске мұрындық болған депутаттардың алғашқы кезіндегі мемлекетіміздің саяси-экономикалық өміріндегі маңызы жоғары екені сөзсіз.







# Қойнауы күтқа толы Қарағанды



Көмір тауып, көңіл ашқан өндірісті шаһар сан қылы өзгеріп, түрленіп, байырғы шаңғытанып тұрған кәнігі кеншілер ауылынан жарты миллионнан астам тұрғыны бар заманауи мегаполиске айналды.

Биылғы жыл – өзінің 90 жылдық мерейтойын атап өтетін Қазақстанның бел қалаларының бірі Қарағанды үшін зор маңызға ие. Ғасырға жуық уақытты артқа тастаған шаһар бүгінде экономикалық һәм мәдени орталыққа айналып қана қоймай, қарқынды даму мен трансформацияның символы ретінде тарихқа берік енді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Көмірлі Қарағандының Кеңес Одағындағы индустрияландыру кезеңінен бастап, бай тарихы бастау алды. 1934 жылы кеншілер поселкесінен қалаға айналған Қарағанды тау-кен өндірісі мен ауыр өнеркәсіпті дамытудың негізгі ойыншысы болды.

Шаһардың Оңтүстік-Шығысында Александр Гапеевтің көшесі менмұндап тұрғанымен, кейінгі қарағандылықтар бұл есім-сөйдың тарихи маңызына мән беріп жатпаса анық. Ол уақытта көмір дегенде елдің есіне бірден Донбасс пен Кузбасс деген ұйақты қос атау ара-

ев көмекшілерімен бірге Қарағандының сайын даласында ұңғыма бұрғылап, көмір қабаттарын зерттеп, карта сызды. Бұл тың мәліметтерді ғылыми дәрістері барысында, түрлі жиналыста сөз сөйлеп, барлау жұмыстарының нәтижелері туралы мақалаларын жариялау арқылы насихаттады. Ақыры ХХ ғасырдың 30-жылдарында Қарағанды өңірінде шахталар құрылысы басталды...

Ал, Тәуелсіздік жылдарында Қарағанды өнеркәсіптік экономикадан алуан түрлі орнықты экономикаға көшуді бастан өткерді. Машина жасау, тау-кен және металлургия секторларының дамуы қаланы негізгі экономикалық орталыққа айналдырып үлгерді. Сауда



латын. Ал, бұған дейін «жанғыш тасқа» бай қарапайым Қарағанды жергілікті маңызы бар кен орны болып қана саналып келген. Геолог Гапеев бұл жаңсақ пікірді жоққа шығарып, Орталық Қазақстанда Донбасс пен Кузбасспен шендесе алатын тұтас көмір бассейні бар екенін дәлелдеп, қара алтынның қоры 90 миллиард тоннадан асатынын, бұл кем дегенде тағы 100 жыл көмір өндіруге жеткілікті екендігін айғақтаған.

Уағында бірталай жердің бауырларын тамыршыдай тап басып қырағы болып алған Александр кейін келе «Алып Қарағанды» атты мақаласында қазақтың қыран қанаты талатын иен даласына бір жарым ай салып жеткенін әсерлі баяндайды.

Хош, сонымен топографиялық картаның жоқтығы ғылымның жұмысын қиындатты. Ол өзінің білігі мен жергілікті тұрғындар көмегіне сүйенуге мәжбүр болды. Қыр қазағына әрі-бері қадам санап жүрген бойшан, көккөз жігіт тіптен танданыс тұғызды. Бірде, тіпті, Александр Гапеев дала кезіп жүріп жаңа қазылған құдыққа тап болды. Құдық маңында көмір кесектері жатты. Ол көп ойланбастан арқанды алып, төменге түсті. Шыңырауға түскен геолог жаңа көмір қабатын тапқанын түсініп, оның қалыңдығын өлшей бастағаны сол еді, жоғарыдағы жұрттың оны ұры деп қателесіп, жазым қыла жаздаған екен.

Бірнеше жыл бойы профессор Гапе-

орталықтарын, тұрғын үй кешендерін және демалыс аймақтарын қоса алғанда, көптеген заманауи инфрақұрылымдық жобалармен Қарағанды өз тұрғындарына жайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге ұмтылады. Қала өз азаматтарының әлеуметтік әл-ауқатына белсенді қамқорлық жасайды. Медициналық инфрақұрылымды, білім беру бағдарламаларын және әлеуметтік қолдауды дамыту қоғамның әл-ауқатына жағдай жасайды.

Қарағанды өзінің білім беру мекемелерімен һәм ғылыми-зерттеулерімен де кең танымал. Қаланың университеттері мен ғылыми орталықтары ғылымның дамуына және білікті мамандар даярлауға өз үлестерін қосуда. Қарағандының бай мәдени мұрасы оның әртүрлі мұражайларында, театрларында, жасанды арт-кеңістіктерінде және фестивальдерінде көрінеді. Қала шығармашылық пен мәдениеттің өркендеу алаңына айналды.

Тоқсан жылдық торқалы мерей қаланың бай тарихын атап өтуге ғана емес, оның заманауи жетістіктері мен болашақ перспективаларын атап өтуге де бірден-бір маңызды себеп. Қала өз тұрғындары үшін инновация, мәдени игілік және сапалы өмір орталығына айнала отырып, дамуын жалғастыруда. Қасиет тұнған қақпасын қайманасына ашқалы тұрған дәулетті шаһарды есік қаққалы тұрған мерейлі салтанатымен құттықтаймыз!

# Ұлттық қор ұлт болашағы үшін

Елімізде 1 қаңтардан бастап, «Ұлттық қор – балаларға» жобасы ресми түрде іске қосылды. Ұлттық қор табысының 50%-ы кәмелетке толмаған балалардың шотына 1 ақпаннан түсе бастайды. Бағдарлама былтыр Президент Жолдауында айтылғаннан бастап, халықтың қызу талқысында. Себебі, бұрын-соңды мұндай жоба елде болған емес. Оған көпбалалы ғана емес, бір, екі, үш баласы бар барлық балалы отбасылар қатыса алады.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Бағдарлама қатысушылары – балалар

Алдын ала мәлімет бойынша, елде 18 жасқа толмаған 6,7 млн. бала бар екен. Соның бәрі де бағдарламаға қатыса алады. Мұнда отбасының табысы, ата-анасының жұмысы да, отбасындағы бала саны да маңызды емес. Бастысы – бала құжатының болуы. Ата-аналар баласы туралы деректердің eGov порталында болуын қадағаласа жетіп жатыр. Ешқайда барып, шот ашудың қажеті жоқ.

Әділет министрлігінің базасындағы дерек негізінде жыл басында 18-ге толмаған балалардың тізімі жасалады. Сол тізім негізінде Ұлттық қордың инвестициялық табысының тең жартысын неше балаға теңдей бөлу керектігі белгілі болады. Ал, ақпанда осы есеп негізінде кәмелетке толмаған балалардың бәріне бірдей мөлшерде ақша аударыла бастайды.

## Қордан алар қаражат қанша?

Ұлттық қор қоржынынан тиетін үлес бағдарлама басталғандағы баланың жасына байланысты. Бала неғұрлым жас болса, соғұрлым көбірек, ал, ересектеу балаларға азырақ. Қор қаражаты биыл 18-ге толатындарға бірінші тиеді. Алдын ала жасалған есеп бойынша олардың алатыны шамамен 160-170 доллар. Бұл санатқа жататын 250 мыңнан астам қазақстандық жас бар екен.

Бағдарламаға толық, яғни, 18 жыл қатысқан балалардың шотына осы уақыт ішінде 3,5-4 мың доллар жиналады деген болжам бар. Алайда, бұл сома Ұлттық қордың табысына қарай өзгеруі мүмкін. Ұлттық банк деректеріне сүйенсек, қордың 2005-2022 жыл аралығындағы табысы 1,4 млрд. доллар болған. Сәйкесінше, 2024 жылы бағдарлама аясында 18 жасқа дейінгі барлық балаға 695,5 млн. доллар теңдей бөлінеді. Жинақталған сомаға салық салынбайтынын айта кету керек.

## Мақсаты айқын қаражат

«Ұлттық қор – балаларға» жобасында қанша жиналса да, оның жұмсалар мақ-



Сурет ашық дереккөзінен алынды

саты – екеу. Біріншісі – білім алу. Бұл ретте, отандық жоғары оқу орындарымен қатар, жиналған қаражатпен шетелдік университеттерде де оқуға болады. Екіншісі – тұрғын үй жағдайын жақсарту. Отбасы банктің ресми платформасында көрсетілгендей, бағдарламаға қатысушылар аталған қаражатты тұрғын үй сатып алуға, ипотекалық несиені мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеуге, ипотекалық займ алу үшін бастапқы жарна ретінде енгізу, оның ішінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге, Отбасы банкіндегі депозитті толтыруға пайдалана алады. Мұның барлығы бала 18 жасқа толғаннан кейін ғана мүмкін болады.

Заңда қаражатты емге жұмсау мүмкіндігі қарастырылмағанын да ескеру керек.

## Сақталуы керек талаптар

Кәмелетке толмаған әрбір қазақстандық бала Ұлттық қордан өз үлесін алуға құқылы. Дегенмен, есте ұстар тұстар да бар. Мәселен, 18 жасқа толмаған бала шетелге көшіп, Қазақстан азаматтығынан шықса, онда оған Ұлттық қордан ақша төленбейді. Егер бала шетелде өмір сүрсе, бірақ Қазақстан азаматтығын өзгертпесе, оның шотына кәмелет жасқа толғанға дейін қаражат аударыла береді. Егер бала азаматтығын өзгертіп, шетелде белгілі бір уақыт тұрып келсе және Қазақстанға оралғаннан кейін республика азаматтығын қайта алса, онда арнайы жинақтаушы шот жаңадан ашылады.

зейнетақы шотына аударылады. Бетін аулақ қылсын, бірақ, бала қайтыс болған жағдайда қаражат туған бауырлары арасында бөлінеді немесе ата-анасына беріледі. Бұл жағдайда оның бастапқы мақсаты сақталмайды. Сонымен қатар, бала әрекетке қабілетсіз болса, ақшаны басқару құқығы ата-анасына немесе қорғаншыларына өтеді.

Бір отбасының балаларына Ұлттық қордан жиналған қаражатты Отбасы банктегі ортақ депозитке аудару құқығы беріледі. Яғни, ағайынды балалар кәмелетке толғаннан кейін шоттағы ақшаны Отбасы банкіне аударып, бірігіп пәтер алуына болады. Кәмелеттік жасқа толғаннан кейін қаражатты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен келісімге отырған кез келген екінші деңгейлі банктен ала алады.

Балалардың арнайы жинақтаушы шоттарының операторы – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры. Ата-аналарда БЖЗК ресми сайтынан қаражаттың түскен-түспегенін тексеру мүмкіндігі бар.

Былыт «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын ұсынған Мемлекет басшысы әр отбасы елдің Ұлттық байлығын өз үлесін алуы керек екенін мәлімдеген еді. Ол Ұлттық қор, шыншынмен, «ұлттық» деген тартыбеге ие болып, халықтың мүддесіне қызмет ететінін атап өтті. Бұл биылғы 2024 жылғы ең маңызды әлеуметтік бастама болары анық. Себебі, ол әлеуметтік-экономикалық саясаттағы әділеттіліктің іс жүзіндегі бір мысалы.

# Жаңа жылда қандай жаңалық?

Әр жыл өз жаңалығымен келетіні анық. Ол қоғамның кез келген саласына өзгеріс әкеледі. Қазақстанда биылғы жылы не өзгереді?

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Зейнетақының қосымша көзі

1 қаңтардан бастап жұмыс берушілер өз қаражаты есебінен жұмысшылары үшін қосымша міндетті зейнетақы жарналарын аударды. Алғашқы жылы зейнетақы жарнасының мөлшері жалақының 1,5%-ын құраса, 2028 жылға дейін кезең-кезеңімен 5%-ға дейін көтеріледі. Бұл ынтымақты өтілі жоқ (1998 жылға дейін) немесе өтілі аз азаматтар үшін қажет.

## Дактилоскопия міндетті емес

Саусақ іздерін тапсыру әр қазақстандықтың еркінде. Ол шетелдіктерге ғана міндетті болады. Бастапқыда елдің 16 жасқа толған барлық азаматы саусақ іздерін тапсыруға міндеттелген еді. Бірақ, кейін заңға өзгерістер енгізіліп, республика азаматтары дактилоскопиялық тіркуден ерікті түрде өтетін болды.

«Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заң 2016 жылы қабылданған болатын. Алайда, саусақ іздерін тапсыруға қатысты норма тек 2024 жылы 1 қаңтардан бастап күшіне енді.

## Құжат жасату қымбаттайды

Айлық есептік көрсеткіштің өсуі құжат жасату құнының да өсуіне себеп. Биыл қазақстандықтар жеке куәлікті 738 теңгеге, 36 беттен тұратын стандартты паспортты 29 536 теңгеге жасатады. Ал, 48 беттік төлқұжат үшін 44 304 теңге төлеуі тиіс. Керісінше, балалар паспорты екі есе арзандады. 16 жасқа дейінгі балаларға 24 беттік паспорт жасату үшін мемлекеттік баж 4 АЕК немесе 14 768 теңге. Сондай-ақ, неке кнью туралы куәлік – 3 692 теңге, қайта алу – 1 846 теңге, жүргізуші куәлігі – 4 615 теңге және ажырасу туралы өтініш беру үшін – 7 384 теңге болады. Туу туралы куәлік тегін беріледі. Бірақ,

бұл құжатты алуға қайта өтініш берген жағдайда 1 846 теңге (0,5 АЕК) төлеу керек.

## МӘМС-ке қанша төлеу керек?

Жұмыс берушілер МӘМС-ке қызметкері үшін жалақының 3%-ын аударды. Бірақ, салық салынатын ай сайынғы табысы 10 ең төменгі жалақыдан аспауы тиіс.

Жеке кәсіпкерлер 1,4 еселенген ең төменгі жалақының 5%-ын аударды. 2024 жылы оның мөлшері – 5 950 теңге.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп немесе дербес төлеуші ретінде жарна төлей алады. Дербес төлеушілер үшін жарна мөлшері ең төменгі жалақының 5%-ын құрайды. Яғни жаңа жылдан бастап олар 4 250 теңге төлейді.

## Кімдер декларация тапсырады?

Жаңа жылда елімізде жалпыға бірдей декларациялаудың үшінші кезеңі басталады. 15 қыркүйекке дейін барлық бизнесмендер мен олардың жұбайлары, заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары, жеке кәсіпкерлер және олардың жұбайлары декларация тапсыруға міндеттеледі. Бұл талап жеке кәсіпкерлігі мен заңды тұлғасы өз қызметін тоқтатқан немесе мүлдем жұмыс істемеген жеке кәсіпкерлер мен бизнесмендерге де қатысты.

## Бизнесті тексеруге мораторий аяқталды

Қазақстанда шағын кәсіпкерлік субъектілерін барып тексеруге мораторий аяқталды. 1 қаңтардан бастап, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың тексерісі қайта жанданады.

Елімізде бизнесті тексеруге мораторий 2020 жылғы 1 қаңтардан жарияланған болатын. Бастапқыда мораторий 2023

жылғы қаңтарда аяқталады деп жоспарланған. Алайда, былтыр Президент оның мерзімін тағы бір жылға ұзартты. Бұл ретте биылдан бастап бизнесті тексеруге адам қатыспайтынын айта кету керек. Себебі, елімізде тәуекелдерді басқару жүйесі автоматтандырылады. Нәтижесінде бизнесті жоспарлы тексеру екі есе, айыппұл салу бірнеше есе азаяды деп күтілуде.

## Петиция үкімет деңгейінде қаралады

2024 жылы сауір айынан бастап, онлайн петиция берудің арнайы платформасы іске қосылады. Петицияны міндетті түрде қарау үшін аудандық, облыстық және республикалық деңгейде дауыс шегі бекітілген. Мәселен, аудан әкімдігі қарау үшін – 2,5 мыңнан астам, аудандық мәслихат үшін – 5 мың дауыс, облыстық деңгейде – облыс халқының 1%-ынан астамы, облыстық мәслихат – облыс тұрғындарының 2%-ы, үкімет деңгейінде қарау үшін 50 мың адамның қолы қажет. Петицияны электронды және жазбаша беруге болады.

## Балабақшаға бірыңғай кезек

Биыл Қазақстанда балабақшаға кезекке тұрудың бірыңғай базасы құрылады. Ата-аналар Egov.kz порталы немесе екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы баланы бірден 4 балабақшаға кезекке қоя алады. Оның бірінде орын бола қалған жағдайда дереу ата-анаға хабарланады. Балабақша тандаудан бастап, келісімшарт жасасуға дейінгі барлық рәсім электронды форматта өтеді.

## Уақыт 1 сағатқа артқа жылжиды

2024 жылы көктемде Қазақстан аумағында бірыңғай уақыт белдеуі енгізіледі деп жоспарланып отыр. Еліміздің 15 өңірі 29 ақпаннан 1 наурызға қараған түні жергілікті уақытты бір сағатқа артқа жылжытады. Осылайша еліміз бірыңғай UTC+5 уақыт белдеуіне көшеді. Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстары үшін ештеңе өзгермейді.



## • КӘСІПКЕРЛІК

## Грантпен мүмкіндік молайды

Қарағанды облысында 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба бойынша 212 грант бөлінді. Мемлекеттің қолдауына халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтары не болғанын ерекше атау керек.

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметі бойынша 92 көпбалалы отбасы, 65 мүмкіндігі шектеулі жан, ерекше бала тәрбиелеп отырған 28 адам, 12 АӘК алушы грант иеленген. Сонымен қатар, бір қоныс аударушы және асыраушысынан айырылған 14 отбасы осы қатарда.

«Бастау Бизнес» жобасы аясында 4 565 адам кәсіпкерлік негіздері бойынша оқытудан өтті. Мәселен, Саран қаласының тұрғындары Дмитрий Ким мен Наталья Панусенко грантпен өз-өзіне қызмет көрсететін автокөлік жуатын орын ашып, құс өсіруде.

Грант алғандар бүгінде бағыттары бойынша іске кіріскен. Ерекше балаларға арналған қазақ тілінде оқытатын кабинет, жұмыс қолғаптарын, этникалық үлгідегі



киімдер мен жиһаздарды, қасбеттік термopanельдер жасау цехын, автосервис, кондитерлік, баспахана ашты. Қымыздан балмұздақ, блок

бетон және полистиролбетон бұйымдарын шығаратын цехтарды, бөдене фермасы, ветеринарлық дәріхана жұмыс істеп тұр.



Жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру – Ұлттық жобаның негізгі бағыты. Осы жылы «Жастар практикасы» санаты бойынша 816

адам жұмыс орындарына ие болды. «Күміс жас» жобасы да тұрғындар арасында сұраныста. Жобаға 1 197 адам қатысты. Ол зейнеткерлік жасқа дейінгі адамдар үшін жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді.

Жобаның арқасында қарағандылық Толқын Қоспабаева мен Алтынай Сейілова жеке компанияларда ресепшионист-маман және клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджер ретінде жұмыс тапты.

Өңірде мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыруға да ерекше көңіл бөлінуде. Быыл аталған Ұлттық жоба бойынша 12 арнайы жұмыс орны құрылды. Олар жұмыс берушілерді субсидиялау арқылы ұйымдастырылады. Субсидия арнайы жұмыс орындарына жабды сатып алу, монтаждау және орнату шығындарын өтеу, мүгедектігі бар адамдарға жалақы төлеу үшін беріледі.

Өз тілшімізден  
Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## • ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

## Ауылда амбулатория ашылды

Шет ауданына қарасты Төменгі Қайрақты ауылында дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Жаңа жылда жаңа нысанның ашылуымен құттықтаған аудан басшысы Мұхит Мұхтаров өңірдегі әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы денсаулық сақтау саласының маңызын атап өтті.

Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Елімізде медицина мамандарының мәртебесі мен беделі жоғары болуы үшін барлық жағдай жасалуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы денсаулық сақтау саласына әрдайым айрықша көңіл бөліп келеді. Медициналық қызметтің қолжетімді болуын қамтамасыз ету, денсаулық сақтау инфрақұрылымын одан әрі жаңғырту үшін елімізде кешенді іс-шаралар қабылдануда. Ел Президентінің бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсау-

лық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде жүзеге асырылған шаруалар аз емес. Бұл жобаны іске асыру шалғайдағы елді мекендерде алғашқы медициналық көмек көрсету, сондай-ақ орталық аудандық ауруханаларды медициналық жабдықтармен толық жарактандыру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді, – деді Мұхит Мұхтаров.

Сонымен қатар, стоматологиялық құрылғымен, зертханалық, физиотерапиялық және ЭЖК аппараттарымен жабдықталуы жергілікті халыққа зор мүмкіндік беретіндігін атап өтті. Алдағы

уақытта, емдеу орнында амбулаториялық қызметтен бөлек жаракат таңу пунктін, шұғыл медициналық көмек көрсету кабинеттерін ашу жоспарланған.



Айта кету керек, дәл осындай медицина ғимараттары Шет ауданының 7 елді мекенінде салынып, ел игілігіне беріліп отыр.

Шет ауданы  
Суретті түсірген автор

## • ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

## Баспаналы болды

Жаңа жылдың алдында Ботақара кентінің 48 тұрғыны баспаналы болып, Ұлу жылын жайлы да жылы пәтерлерінде қарсы алды.



Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Олар осында жаңадан бой көтерген 12 пәтерлік екі қабатты төрт үйге қоныстанды. Бұл үйлер көпбалалы және жалғызбасты аналарға, әлеуметтік осал топқа жататын басқа да адамдарға арнап салынған болатын. Осы жаңа пәтерлердің кілтін оларға Бұқар жырау ауданының әкімі Абылай Сұлтанғали мен аудандық мәслихаттың төрағасы Асхат Әли салтанатты түрде табыс етіп, өз кезегінде үй иелері де алғыстарын айтып жатты.

Бұқар жырау ауданы

Суретті түсірген Д.ТОРЖАНОВ

## • ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

## Заманауи кітапхана игілігі

Жаңа жыл қарсаңында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің педагогика факультетінде заманауи кітапхана ашылды. Университет базасында кітапхананы жаңғырту бойынша қолға алынған үшінші жобадан факультеттің өзіндік ерекшеліктері ескеріліп, оқу залдарынан басқа, кескіндеме, графика және дизайн көрмелері өтетін студия бар.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кітапханада білім беру бағыттарына қолжетімділік басым. Қорды сақтауға арналған қауіпсіздік құралдары мен RFID-жапсырмалары орнатылған. Ерекше студенттерге арналған арнайы үстел мен ортопедиялық орындықтар да бар.

Озық технологиялармен жабдықталған бірегей кітапхана қаладағы педагогтардың барлығына тәулік бойы оқырман қауымға қызмет көрсетеді. Оқу кітапханасы озық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, кітап қоры толыққан. Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма мүшесі-проректор Сәуле Сағынтаеваның айтуынша, кітапхананың ашылуы – педагогика факультетінің студенттері мен оқытушыларына үлкен олжа.

– Айтулы кітапхана білім алмасу орталығы, диалог алаңы және оқытушылар мен студенттердің ашық

түрде өзара пікір алмасу орны болады деп сенеміз, – дейді проректор.

Қазіргі таңда педагогика факультетінің оқу кітапханасы 400 шаршы метр, 53 000 дана кітап қоры бар мәдениет ошағында өнер, дизайн, әдістеме құралы, педагогика саласындағы әдебиеттер қоры жинақталған. Оқырман үшін қолайлы кеңістік сыйлайтын, көркем әдебиеттер, студенттер тынығатын аймақ, оқыту-әдістемелері, педагогика саласындағы әдебиет қорымен қамтылған.

– Арнайы абонементпен, электронды ресурстар залымен жабдықталған. Оқу кітапханамыздың басқалардан айырмашылығы – Қарағанды қаласы мектептерінің мұғалімдеріне де қызмет көрсетеді. Оқырман университеттің ID картасы арқылы кітапханаға келе алады, – дейді ғылыми кітапхана директоры Гаухар Әбділұлова.

Қазіргі таңда университет базасындағы биология-география және тарих факультетінде де екі заманауи кітапхана жұмыс істеп тұр.

## • АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

## Ата өнері – балаға мұра

Облыстық «Құндылыққа негізделген тәрбие мен білім» форумы аясында «Айгөлек» бөбекжайында «Алғашқы ұстаз – ата-ана» жобасының ашық есік күні өтті.

«Алғашқы ұстаз – ата-ана» жобасын іске асырған тәрбиешілер «Ата-әже өнері – балаға мұра» шағын мұражайын ұйымдастырды. Сондай-ақ, көпшіліктің назарына «Киіз үйлер шеруі», «Құрастыр-малы киіз үй», «Ұлттық тағамдар» бөлімдерін ұсынды. Құрақ құрауда «адамның

басы құралсын» деген ырыммен тігілген көрпеден пазлдар жинады. Ұлттық киімдерді, тақияны пішу жолдарын, қамшы өру дәстүрін көрсетті. Дәстүрлі емес марблс тастары арқылы оюларды бейнелесе, құм терапиясы арқылы ұлттық киімдерді және ойындарды бейнеледі.

Ашық есік күніне Теміртау, Шахтинск, Саран, Осакаров, Бұқар жырау, Шет аудандарынан 50-ден астам педагог қатысты. Шеберлік сағаттарының жоғары деңгейде өткізілінін, әркім өзі үшін пайдалы және маңызды ақпарат алғанын атап өтті.

Айгүл БЕГАЙДАРОВА,  
«Айгөлек» бөбекжайының директоры

ҚАРАҒАНДЫ

## Еске алу



Қарқаралының тумасы, асыл бауырымыз Қажмас МҰХАМЕДЖАНОВТЫҢ өмірден өткеніне 40 күннің мұңдары болды.

«Тас – түскен жеріне ауыр» демекші, Арқа жұртының ардақты ұлы, үздік спортшы, білікті жаттықтырушы, абзал азамат Қажмасын қазасы біз үшін өте ауыр соққы болды. Ортамыз ойсырап, көңіл қоңылтасып, Қажмасын жоғына әлі сене алмай жүрміз. Бауырымыздың қазасына тек қана отбасы, ағайын-туысы, жора-жолдастары ғана емес, салқар Сарыарқа, қасиетті Қарқаралы күңіреніп, бір-біріне көңіл айтып жатты.

Әр өңірдің тіршілік-тынысымен біте-қайнасып, туған елін, туған жерін шексіз сүйе білген ұлдары болады емес пе! Қажмас 1969 жылы Қарағанды педагогикалық дене тәрбиесі институтын ойдағыдай тәмамдап, шаңғыдан мектеп оқушыларының облыстағы аға жаттықтырушысы болды. Өзі де әр түрлі жарыстарда жүлделерге ие болып, шаңғы спортынан КСРО спорт шеберінің нормасын орындады. Осыдан кейін облыстың құрама командасының аға жаттықтырушысы болып тағайындалды. Көптеген елімізге танымал шаңғышыларды даярлап шығарды. Солардың арасында Александр Галимулин мен Виктор Николаев КСРО халықтарының спартакиадасында бірі – чемпион, екіншісі жүлдегер атанды. Халықаралық деңгейдегі жарыстарда төрешілік қызмет атқарып, шаңғы спорты бойынша халықаралық дәрежедегі спорт төрешісі атанды. Еңбегі де лайықты бағаланды. «Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атанды. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

Мейірім, ынсап, ақпейіл, адал еңбек – осы төртеуі кімнің бойында болса – сол шын адам болады. Ол әуелі – Адам еді. Анығын айтқанда, адамның жақсысы, ердің елеулісі, достың адалы да өзі еді. Адамзат бойына қандай ізгіліктер тән болса, соның бәрі Қажмас бойынан табылар еді. Өткен, ол туралы өткен шақпен сөйлейтініміз өкінішті-ақ...

Аяулы бауырымыз күнделікті өмірде бізден алыстағанмен, оның сағынышқа айналған бейнесі жүрегіміздің төрінен мәңгілікке орын алып, бізбен бірге жасай береді!

Бауыры: Әсет Мұтташев

Асы 13 қаңтар сағат 12:00-де Астана қаласы, Сембинов, 15 мекенжайында орналасқан «Сұңқар» мейрамханасында беріледі.

№1

Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданының №2 аудандық соты, Қарағанды қаласы, Республика көшесі, 1/2, 291 пәтерде тұрған, 02.03.1986 ж.т. Рүстем Сарсинбаевич Сайдахметовті хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы іс қозғалды.

Түмен облысының тумасы, бұрын Сирия Араб Республикасында тұрған Рүстем Сарсинбаевич Сайдахметов туралы мәліметі бар адамдарды осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, 3 ай ішінде сотқа (судья А.Ж.Жамантаева) хабарлауға шақырамыз.

№ 700

Е.Бөкетов Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері түлектерді бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (информатика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану» (докторантура бар), «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мем.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: (87121)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz

№685

## • ҚҰҚЫҚ

## Заңсыздықтың жолы кесілді

Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы аудан прокуратурасы коммерциялық мақсатта жер беру кезінде жергілікті атқарушы органдар тарапынан бұзушылықтар орын алғанын анықтады.

Қарағанды қаласының әкімдігі «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның 62-1-бабын бұза отырып, бағалау рәсімін жүргізбей бұрын алынған жер учаскелерінің орнына көппәтерлі тұрғын үй салу және оны одан әрі пайдалануға беру үшін коммерциялық мақсатқа 14 жер учаскесін берген.

Прокуратураның наразылығы бойынша қала әкімдігі жоғарыда аталған қаулының күшін жою туралы талаптарды толық көлемде қанағаттандырды. Құны 158 млн.

теңге болатын 4 га коммерциялық мақсаттағы 14 жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылды.

Ірі кәсіпкерлердің бірі 2018 жылдан бастап жалпы ауданы 32 га болатын 6 коммерциялық жер учаскелерін игеруге шаралар қабылдамаған. Қадағалау актісі бойынша кадастрлық құны 1,1 млрд. теңге құрайтын осы жер учаскелері мемлекет меншігіне қайтарылды.

Өз тілшімізден







• ӘН ДҮЛДҮЛІ ЖҮСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВТИҢ ТУҒАНЫНА – 120 ЖЫЛ

## Рухтың шоғын үрлеген

Биыл қазақ әнінің шоқ жұлдызы, біртуары Жүсіпбек Елебековтің туғанына – 120 жыл. Ол – ұлт мәдениетінің, оның ішінде сонау бағзы заманнан қанымызға сіңген бекзада әнінің сақталуына, қарыштауына зор еңбек сіңірген дарынды әнші, қайраткер, тау тұлға. Бір уақытта ұлы бабалардан үзіліп қалған құрметамырды қайта жалғаған. Сөйтіп, ұлттық қолты жадымызда жаңғыртқан. Рухының үнінен жаңылса, ұлт өзегінен ажырайды!



Сурет ашық дереккөзінен

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Ән өнерінің шырақшысы

Қазақ күйдің тілін түсінген. Домбыраның қос ішегімен сөйлеген алапат тылсым күшті сезінген. Түсінбесе, жарты әлемді билеген Шыңғыс хан Кетбұғаның домбырасына неге қорғасын құяды?! Су бетінде қалқып отырып, қобыз тартқан әулие Қорқытқа ажал неге жуықтай алмады?! Міне, бабаларымыз күйге теңіздей толқып, аспандай жылаған, жусандай тербелген. Асыл өнердің тұңғығына сүңгіп, пенделіктен жоғары көтерілген. Тылсымның тілін білгеннен шығар, жаһанға өркениет таратты. Ұлт геніндегі бұлқыған күшті, қайсарлықты, даналық хәм данышпандықты жырлаған батырлар жыры ше? Соны тыңдап өскен тұлымды бала «Қалың қолдан қайтпаған». Сол асқақ рухпен баһадүр бабаларымыз әлемді ұсыныда ұстады. Сақтар мен ғұндар, түркілер, қыпшақтар хандығы, алтын орда, ақ орда, қазақ хандығы... Қандай үлкен империялар болғанбыз?! «Ақ дегеніміз – алғыс, қара дегеніміз – қарғыс» еді ғой!

Ұлтты 70 жыл бодандыққа ұстаған Кеңес үкіметі осының бәрін білді. Әуелі аттан түсірді. Сосын, күй мен әннен ажыратып, ұмыттырғысы келді. Басқа да зальымдықты жасап бақты. Тылсымның тілін түсінген кім қаймақты қырып тастады. Жаһанға өркениетті таратқан ұлы халық қалжырап қалды. Осы кезеңде тарих сахнасына айдарынан жел ескен асыл ұлдар келді. Солардың бірі де бірегейі – Жүсіпбек Елебеков еді. Жүсіпбек Елебеков – кешегі Біржан сал, Ақан серілердің, бергісі Мәділердің мұрасын жаңа дәуірге жалғаған Әміре Қашаубаевтың алтын ізі.

Жүсіпбек әнші Мәди Бәпиұлымен кездескен деген деректер де бар (Ерлан Төлеутай. «Ән – аманат» кітабы). Тума талант, төбе көзі ашық,

көкірегі ояу жас Жүсіпбек ұлы тұлғалардың көзін көріп, тәлім алған. Өзінің таудай ауыр аманатты арқалайтынын түсінген дарын иесі өзінің жолына түскен. Қазақ даласында рухты қайта жаңғыртқан.

### Мәселе

Жүсіпбек Елебековтің Мәди Бәпиұлымен кездесуі де тағдыр жазуы шығар?! Ал, Жүсіпбек Елебековтен ХХІ ғасырдағы классикалық қазақ әнінің қайталанбас өкілі Мейірхан Адамбековтің тәлім алғанын көпшілік білмейді. Міне, марқұм Мейірхан Адамбеков Арқа өңірінде Жүсіпбек Елебеков атындағы ән байқауының қазығын қағып кеткен. Ұлтына рух үнін естірген ұлы ұстазға деген құрметі. Сол байқау әлі күнге дейін жалғасып келеді. Мерейтой қарсаңында айтар пікірі мен ұсынысы бар ма екен деп, өңшілер қауымына хабарласқан едік. Өңші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әрқенов байқаудың жүлдесі қоры өте төмен деп отыр. Бұл – Арқа жұртына сын дегенді де тілге тиек етті.

– Мейірхан Адамбеков марқұмның бастама-сымен, мәдениет жанащыры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекованың қолдауымен ұйымдастырылған байқау әлі күнге дейін жоғары деңгейде өтіп келеді. «Менмін» деген өңшілердің топ жарғысы келетін байқауына айналғалы қашан?! Бірақ, ақшалай жүлденің мөлшері төмен. Мәселен, Алматыдағы Жәнібек Қарменов атындағы ән байқауында Гран-приге миллионнан бес миллион теңгеге дейін ақшалай жүлде беріледі. Ал, қазақ әнін жаңғыртқан, рух шырақшысы Жүсіпбек Елебековтің атындағы байқаудың жүлдесі 500 мыңға да жуықтамай тұр, – делі Дәуренбек Әрқенов.

Көк түріктер ұрпағы өнеге алыс деп, шерідей жортқан бабасының ерлігін балбалға жазып қалдырды емес пе?! Жүсіпбек Елебековтей тұлғалар да өз биігінде дәріптесе дейміз.

• СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

## Тарихи тұлға тағылымы

Бұдан біраз бұрын Қазақстанның ғылым және білім патриархы, академик Зейнолла Молдахметовтің өтінішімен қазақтың сұңқары Сәкен Сейфуллин туып-өскен жеріне ат шалдырдық.

### «Тар жол, тайғақ кешу»

Сапар барысында өзінің саналы өмірін Отанын дамытуға арнаған, 44 жасында қызыл қыргынның құрбаны болған Сәкеннің 130 жылдық мерейтойын атап өтуді жоспарланғаны мәлім болды.

Оның өмірі оңай болған жоқ. 24 жасында большевиктер партиясының мүшесі болған ол ақ гвардияшылдардың қолына түсіп, ату жазасына кесілді. Ол ғажайып жолмен Омбы лагерінен қашып шықты. Сәкен бұл оқиғаларды өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында осылай суреттейді. «...осылайша жаяу сегіз жүз қырық төрт шақырым жүріп, мен Сарыадырдағы Балабай ауылына жеттім. Осыншама үлкен және көп қайғылы жолдан кейін мен осы ауылда тыныш демалыс таптым. Айтуға оңай, сегіз жүз қырық төрт шақырым!»

1919 жылы қаңтардың қатал аязында атаман Анненковтың отряды бізді Ақмоладан Петропавлға айдады. Төрт жүз шақырым мен жаяу жүрдім. Омбы лагерінен қашып, пойызбен Славгородқа жетіп, сол жерден қар еріп жатқанда, Павлодарға жүз елу екі шақырым жол жүріп, Павлодардан тізеге дейін лай суға батып, Баянға жүз тоқсан екі шақырым жол жүрдім. Ақырында Баян мен Балабай ауылынан жүз шақырымдай жол жүрдім. ... Балабай ауылына ғашық болдым».

Кейін Сәкен Халық ағарту комиссарының орынбасары, әрі қарай Қазақстан Халық комиссарлар Кеңесінің басшысы болды. Интернет-ресурста «...Сейфуллин тек ағартушылық қызметпен айналысқан жоқ. Ол Қазақстанның ұлттық мәдениеті мен әдебиетіне баға жетпес үлес қосты. Ақын ұлттық поэзияның мазмұны мен формасын түбегейлі өзгертіп, заманауи және дәстүрлі тенденцияларды қазіргі және дәстүрлі үрдістерді шебер үйлестірді, синтаксисті, ырғақты, шумақты және интонацияны түрлендірді» делінген.

Шығармашылық жұмысының нәтижесінде ол КСРО-ның үздік ұлттық жазушысы ретінде танылды және Қазақстан жазушыларының арасында бірінші болып, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері атанды. Оған Қазақстан революционерлерінің әнұранын жазу сеніп тапсырылды. Бұл үлкен шығарма жүзеге шығару үшін шабыттандыратын өңге айналды. Ол «Біздің тұрмыс» романы, жоғары оқу орындарына арналған Қазақстан әдебиеті тарихы бойынша оқулық, «Өткен күндер» поэзия жинағы, «Тар жол, тайғақ кешу» мемуары, «Қызыл ат», «Көкшетау» поэмалары секілді шығармалардың авторы. Оның әндері («Тау ішінде»,



Сурет ашық дереккөзінен

«Көкшетау», «Біздің жақта» және т.б.) халық арасында танымал.

30-шы жылдары оны Республикалық партия ұйымының басшысы Голощекин, ұлтты, ана тілін және халықтық дәстүрлерді сақтауға ұмтылғаны үшін ұнатпады. Ақыры 1938 жылы Сәкен Сейфуллин ату жазасына кесілді.

### Қарашілікке барар жолда

Ең алдымен Ақадыр станциясына жеттік, Сәкеннің мүсіні орнатылған алаңға бардық. Айта кету керек, алаңды күтіп ұстауда кемшіліктер орын алған екен, сонымен қатар Сәкеннің аты-жөні мен өмір сүрген жылдары жазылған гранитті қаптамаға бекітілген полиуретіл жабынның бір бөлігі үзіліп, саңылау пайда болған. Әрине, осы жерде «Кент әкімі қайда қарап отыр, неге ешкім тиісті шара қолданбайды?» деген сұрақ туындайды.

Әрі қарай біз Шет ауданы, Ортау ауылдық округінің Қарашілік ауылына бардық. Әкесі Сейфуллиннің қыстауы болған мұнда сұңқар Сәкеннің балалық шағы өткен.

Ең қиын 90-шы жылдары бұл жерде қоршаудың қалдықтарын қамтитын мемориалдық кешен құрылды, оның ішінде отбасылық үйдің металмен қоршалған іргетасының қалдықтары, шағын биік және келушілерге арналған жеңіл құрылыс жасалған. Сәл әрі қарай Сәкен Сейфуллиннің жақын туыстары жерленген ескі қорым орналасқан.

Ашығын айтайын, бұл кешен ХХІ ғасырдың талаптары мен мүмкіндіктеріне сай келмейді. Ол моральдық тұрғыдан ескірген. Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров кешеннің жай-күйін біледі екен. Ауданның басшысымен әңгімелесуден мен оның жағдайды терең түсініп, қажетті және мүлтіксіз шаралар қабылдайтыны туралы пікір қалыптастырдым. Өйткені, бұл түп-

теп келгенде өте жоғары деңгейдегі тұлғамен байланысты. Алдағы уақытта заманауи мемориалдық кешен құрылады деген үміттемін.

### Ұрпақ ұлы тұлғаны білуді тиіс

«Сәкен Сейфуллин деген кім?» деген сұраққа қазақстандық әрбір жас дұрыс жауап бермесе, таң қалмас едім. Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің ректоры болған кезімде патриоттық тәрбиеге барыпша ден қойдым. Оның аясында әр аптаға арналған 4 жылдық оқу кезеңінде кураторлық сағаттардың тақырыптары анықталды. Сәкен Сейфуллинді қоса алғанда, бірнеше ұлы тұлғалардың өмірі мен қызметі туралы анықтамалық кітапшалардың қағаз және электрондық нұсқалары екі тілде дайындалып жарияланды.

Ақсақалдар кеңесі құрылды, оның басты міндеті кураторлардың жұмысын бақылау болды. Сонымен, бұл мысалды жастардың патриоттық рухын көтеру үшін ұсынуға болады. Бұл жұмысты балабақшадан бастап, мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында жалғастыру керек. Пайдасы зор. Жалпы, бұл мәселеде үлкен вакуум бар. Оны тиімді және ең пайдалы жолмен толтыру қажет. Менің ойымша, заманауи мемориалдық кешен жасап, оны туристік маршрутқа енгізсе, патриотизмнің қайнар көздерінің біріне айналар еді. Осы айтылған касиетті жерде жолдың жағдайын жақсартуды қажет ететінін де айта кеткен жөн деп ойлаймын.

Міне, осындай оқиғалар кейде адам тағдырына себепші болады.

Арстан ҒАЗАЛИЕВ,  
академик,  
Мемлекеттік сыйлықтың  
лауреаты,  
Қарағанды қаласының  
Құрметті азаматы

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

## Жасыл шырша жанында

Достық үйіндегі жыл басын қарсы алу шарасына 240 балғын жиналды. Түрлі ұлт өкілдерінің балалары аға буын салып кеткен ұрпақтар сабақтасығының үлгісін паш етті.

– Достық үйіндегі жаңа жылдық шырша мерекесіне алғаш рет қатысып тұрмын. Бүгін мен үшін олжалы күн болды. Татар, башқұрт, шешен, түрік ұлтынан жаңа достар таптым. Енді жаңа жолдастарыммен рухани жағынан толығырақ түсемін, – дейді 10 жастағы Рамазан Мухмедияров.

– Бізді бұл мерекеге көпбалалы отбасының өкілі ретінде арнайы шақырды. Төрт балам бар. Ұлдарым төл ұлттық киімдерін киген түрі басқа, тілі бөлек балаларды көргенде танданыста қалды. Мен оларға Қазақстан – көп ұлттың басын біріктірген толерантты мемлекет, еліміздегі барлық ұлыстар тату-тәтті тұратынын, олар ортақ отаны – Қазақстанның өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып жатқанын түсіндірдім. Айналдырған жарты сағаттың ішінде кіші ұлым үш ұлыстың өкілінен дос таптым деп қуанып келді, – дейді қарағандылық көпбалалы ана Мөлдір Қабығалиева.

– Биылғы шырша мерекесін ұрпақтың



ерекше есінде қаларлықтай етіп өткізуді мақсат еттік. Кішкентай қонақтар алдымен осындағы кинотеатр залында «Дисней» кинотеатрының қазақ тілінде тәржімделген «Ақша қар ханшайым» мультфильмін тама-

шалады. Одан кейін жаңа жылдың басты кейіпкері Аяз ата мен Ақша қарды қарсы алып, өнерлерін көрсетті. Сүйікті кейіпкерлерінен сыйлық алды. Облыстың өнер майталмандары балаларға арналған жаңа жылдық ән-шашу тарту етті. Ал, шара соңында демеушілер

мерекеге келген барлық балаларға бағалы сыйлықтарын үлестірді, – дейді мерекелік шараны ұйымдастырушы Нұрлан Әубәкіров.  
Айтба СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ  
Суретті түсірген автор

## Ғажайыптар уақыты

Мереке қарсаңында Балқашта алғаш рет қаланы жаңа жылдық безендіру байқауы өтті. Жаңа жылдық бұғылар мен қар адам, ертегі кейіпкерлері мен жарқыраған шарлар орнатылды. Барлығы «Ғажайып ертегі әлемі» байқауына орайластырылған.

Байқауға 60-тан астам ұйым қатысты. Шараға ұйытқы болған – Балқаш мәдени-демалыс орталығы.

Байқау үш бағыт бойынша ұйымдастырылды. Қатысушылар шағын және орта бизнес, білім беру нысандарын безендіріп, жастар алаңында көлемді жаңа жылдық фигураларды орнатуы тиіс. Мүсіндер қолдан жасалуы да – байқау шартының бірі.

Аяз ата мүсінін жасағаны үшін байқаудың бас жүлдесі «Балқаш Жылу» ЖШС-не бұйырды. Ал, «Балқашэнерго» кәсіпорны қолдан жасалған «Ақшақар» үшін

бірінші орынды иеленді.

– Байқау туралы білген соң бірден қатысуға шешім қабылдадық. Аяз атаның немересін жасауға екі апта уақыт кетті. Тұрғындарды қуантқымыз, оларға жаңа жылдық көңіл күй сыйлағымыз келді. Әрине, жеңіске жеткеніміз де бізді қуантады. Ұйымдастырушыларға байқау үшін рахмет, – дейді «Балқашэнерго» кәсіпорнының заңгері Елена Есютина.

Қаланың басты шыршасының шамдары жанған сәтте жеңімпаздар марапатталды. Оларға ақшалай сертификаттар табысты.

Өз тілшімізден

ORTALYQ QAZAQSTAN  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда»  
газетінің бас редакторы –  
О.В. МЯГКИХ  
Директордың орынбасары –  
Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА

Бас редактор –  
Е.К. МҮСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары –  
Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы –  
І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы –  
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарақарлы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұхар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде  
Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда  
№ KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.  
Газет сыйбей, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСІВКЗХХ БИН 000840001412

Таралымы 5 416

№ 1 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 4 баста табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Титграфия Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор ЕРҚАНАТ КЕҢЕСБЕКҰЛЫ